

№19

/Сәрсенбі/

16 мамыр 2018 ж.

www.aigak.kz

E-mail: aigak@mail.ru

АЙЕАК

МЕДИА

"Ұлы бабалар ізімен"... Қырым Республикасы

ТҮЛКІБАСТЫҚ ЖАУЫНГЕР

Н.ТҰРСЫНБЕКОВТІҢ
ЕСІМІ ҰЛЫҚТАЛДЫ

Суретте: Н.ТҰРСЫНБЕКОВ

Қырым жерінде 10 күн іс-сапармен болып, игілікті іс атқарған оңтүстікқазақстандық қоғамдық делегация елге оралды. Олар Ұлы Отан соғысында опат болған түлкібастық жауынгер Нұрмахан Тұрсынбековтың қаза тапқан жеріне барып, белгі тас орнатты. Қырғын-қиямет соғыс болған батыр қала Керчь басқыншылардың құрығына ілінгенде, түлкібастық жауынгер қаланы азат етуге үлес қосқан. Бірақ, 1943 жылы Жеңіс туының желбірегенін көрмей, ерлікпен қаза тапқан қандасмызға өзге елдің топырағы бұйырды... Арада 75 жыл өткен соң, қаһарманның ұрпағы іздеп барғанда, боздақ туған жердің бір уыс топырағымен қауышты. Қазақстаннан барған қоғамдық делегация Ұлы Жеңіске арналған салтанатты шеруге де қатысты.

Жалғасы 8-ші бетте

ҚР Үкімет басшысының орынбасары, Ауыл шаруашылығы министрі Өмірзақ Шөкеев Оңтүстікке жұмыс сапарымен келіп, алқалы жиын өткізді. Мәжілісте өңірдегі ауыл шаруашылығы жерлерін суару және шегіртке зиянкестерінен қорғау мәселелері қаралды. Ал, келелі басқосуға облыс әкімі Жансейіт Түймебаев пен министрліктің комитет төрағалары сондай-ақ, Жамбыл, Алматы, Қызылорда және ОҚО-ның аумақтық

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНДАҒЫ
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

инспекция басшылары және жергілікті шаруа қожалық төрағалары да қатысты. 2017-2021 жылдарға арналған агро-өнеркәсіп кешенін дамыту бағдарламасында Ауыл шаруашылығы министрлігі шаруашылық дақылдарынан жоғары және тұрақты өнім алу үшін жер және су ресурстарын пайдалануды арттыру мақсатында гидрология, топырақ және агроклиматтық жағдайларды жақсартуға басымдық бермек.

Жалғасы 3-ші бетте



РАМАЗАН

2018

ХИЖРИ 1439 ЖЫЛ

ШЫМКЕНТ
ОРАЗА ТҮТУ
КЕСТЕСІ

Рамазан айы	Апта күндері	Мамыр және Маусым	Таң ауыз бекіту	Күннің шығуы	Бесін	Екінті	Ақшам ауызашар	Құптан
1	Бс	17	04:24	05:56	13:21	18:28	20:41	22:13
2	Жм	18	04:22	05:55	13:21	18:29	20:42	22:14
3	Сб	19	04:21	05:54	13:21	18:30	20:43	22:16
4	Жс	20	04:20	05:53	13:21	18:30	20:44	22:17
5	Дс	21	04:18	05:52	13:21	18:31	20:45	22:19
6	Сс	22	04:17	05:51	13:21	18:31	20:46	22:20
7	Ср	23	04:16	05:50	13:21	18:32	20:47	22:21
8	Бс	24	04:15	05:50	13:21	18:32	20:48	22:23
9	Жм	25	04:14	05:49	13:22	18:33	20:48	22:24
10	Сб	26	04:12	05:48	13:22	18:34	20:49	22:25
11	Жс	27	04:11	05:48	13:22	18:34	20:50	22:27
12	Дс	28	04:10	05:47	13:22	18:35	20:51	22:28
13	Сс	29	04:09	05:46	13:22	18:35	20:52	22:29
14	Ср	30	04:08	05:46	13:22	18:36	20:53	22:30
15	Бс	31	04:07	05:45	13:22	18:36	20:54	22:32
16	Жм	1	04:07	05:45	13:22	18:37	20:54	22:33
17	Сб	2	04:06	05:44	13:23	18:37	20:55	22:34
18	Жс	3	04:05	05:44	13:23	18:38	20:56	22:35
19	Дс	4	04:04	05:43	13:23	18:38	20:57	22:36
20	Сс	5	04:04	05:43	13:23	18:38	20:57	22:37
21	Ср	6	04:03	05:43	13:23	18:39	20:58	22:38
22	Бс	7	04:02	05:42	13:23	18:39	20:59	22:39
23	Жм	8	04:02	05:42	13:24	18:40	20:59	22:40
24	Сб	9	04:01	05:42	13:24	18:40	21:00	22:41
25	Жс	10	04:01	05:42	13:24	18:41	21:00	22:41
26	Дс	11	04:01	05:42	13:24	18:41	21:01	22:42
27	Сс	12	04:00	05:42	13:24	18:41	21:01	22:43
28	Ср	13	04:00	05:41	13:25	18:42	21:02	22:44
29	Бс	14	04:00	05:41	13:25	18:42	21:02	22:44

ЕСКЕРТУ: Биыл, яғни 2018 жылы мұсылмандық ай күнтізбесі бойынша Қасиетті Рамазан айы 29 күн

1. Сәресі ішу, яғни ауыз бекіту таң намазының кіріуіне 10 минут қалғанда тоқтатылады;
2. Ақшам намазының уақыты кіргенде ауыз ашылады;

3. ҚМДБ төралқасының шешімі бойынша биылғы пітір садақаның ең аз мөлшері 300 теңге болып бекітілді;

4. Маусымның 11-нен 12-не қараған түн – қасиетті Қадір түні.

Оңтүстік ЖҰРТШЫЛЫҒЫ
ҰЛЫ ЖЕҢІС КҮНІН ҚАЛАЙ АТАП ӨТТІ?

Суретті түсірген СМЫРЗАЛИЕВ

9 Мамырда Оңтүстік жұрты Ұлы Жеңіс күнін атап өтті. Бұл мереке әр отбасына ыстық, өйткені соғыс бірде-бір жанұяны айналып өтпеді. Әр отбасында соғысқа қатысып, жеңіспен оралған немесе ерлікпен қаза тапқан және оралмаған

ата- әжелері бар. Қаншама адам тылда еңбек етті. Сұрапыл соғыста жеңіске жету жолында миллиондаған адамның өмірі қиылды, сондықтан адамзат өткен соғыстың құрбандарын жақсы біледі.

Жалғасы 5-ші бетте



Қайрат ЖАҚЫПБАЕВ -

ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнаулы есепке алу комитетінің төрағасы

Бұған дейін осы лауазымды атқарған Бағдат Мусин Мемлекет басшысының Өкімімен қызметінен босатылды. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлайды.

Қайрат Жақыпбаев осыған дейін (2017 жылғы ақпан айынан бастап) KEGOC компаниясының құқықтық сүйемелдеу және төуекелдер жөніндегі басқарушы директор қызметін атқарған.

Қайрат Жақыпбаев 1964 жылы 15 ақпанда дүниеге келген. 1985 жылы Қазақ мемлекеттік университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша тәмамдаған. 1990 жылы Мәскеудегі КСРО прокуратура органдары басшы кадрларының біліктілігін арттыру институтын бітірген. ҚР ішкі істер органдарының еңбек сіңірген қызметкері, ҚР прокуратурасы органдарының құрметті қызметкері. Әр жылдары — ОҚО Шымкент қаласы, Абай аудандық прокуратурасының тергеушісі. ОҚО Прокуратурасының тергеу басқармасының прокуроры. ОҚО прокуратурасының тергеуді қадағалау жөніндегі



бөлім бастығының орынбасары. ОҚО Арыс ауданаралық прокуроры. ҚР Бас прокуратурасы аса қауіпті қылмыстарды тергеу жөніндегі басқарма бастығы. Мемлекеттік тергеу басқармасы басшысының орынбасары, Жалпы қылмыстық тергеулер бас

қармасы басшысының бірінші орынбасары, Әскери тергеу департаментінің басшысы, ҚР МТБ алқасының мүшесі. ҚР ІІМ Әскери-тергеу департаментінің басшысы. ҚР Парламенті Мәжілісі Аппаратының Заң шығару және мониторинг орталығының директоры, Заңнама бөлімінің меңгерушісі. ҚР Қаржы министрлігі Қаржылық бақылау және мемлекеттік сатып алулар комитеті төрағасының орынбасары. ҚР Парламенті Мәжілісі төрағасының кеңесшісі. Мұнан соң, «KEGOC» АҚ-ның Құқықтық қамтамасыз ету және қауіпсіздік жөніндегі басқарушы директоры. 2017 ж. ақпаннан бастап — Құқықтық сүйемелдеу және төуекелдер жөніндегі басқарушы директоры қызметтерін абыроймен атқарған.



Алан ӘЖІБАЕВ - «Хабар» агенттігінің басшысы

Бұрынғы ақпарат және коммуникациялар вице-министрі Алан Әжібаев «Хабар» Агенттігі» АҚ басқарма төрағалығына тағайындалды.

Мұның алдында бұл орында Алмагүл Ахметжанова екі жыл отырған болатын.

Алан Әжібаев 1974 жылы 22 қаңтарда Алматы қаласында дүниеге келген. 1996 жылы Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетін бітірген. Ол «Макс» телерадиокомпаниясында радиожүргізуші. «31 арна» телерадиокомпанияда теле-радиожүргізуші

болып қызмет етті. «Телерадиокомпания «City» ЖШС бағдарламалық директоры болды. «Караван радиосының» директоры. Кейінірек жеке кәсіпкерлікпен айналысқан.

Әр жылдары «Таң» Телерадиокомпаниясы» ЖШС-інде бас продюсер болып еңбек етті. «Тенгри FM» радиосының бас продюсері. «SKYMAX MEDIA» ЖШС бас директоры. «Айқын» және «Литер» қоғамдық-саяси газеттерінің директоры. Медианарықтағы жұмыс өтілі - 20 жыл, оның ішінде басшылық қызметте 10 жыл еңбек еткен.

БАҚ-тың барлық бағыттарында етене еңбек еткен, теле-радиокомпаниялар жұмысындағы стратегиялық тұжырымдамалардың өзірленуіне және іске асырылуына тікелей атсалысқан тәжірибелі маман.

«ШЫМКЕНТ» ӘНІ РЕСЕЙ ТЕЛЕАРНАСЫНДА ШЫРҚАЛДЫ

Қазақстандық әнші Нәзима Жәнібекова мен ресейлік рэпер Скруджидің «Песни на ТНТ» жобасында орындаған әні осы аптадағы үздік ән атанды.

Жобаның осы кезеңінде қазақстандық әнші рэпермен бірге Real One» атты әнді орындап шықты. Өлеңде Шымкент қаласы ждайлы да айтылады. Айта кетейік, олар бұл әнді 5-ші мамырда орындап шықты.

Нәзима Жәнібекова 2011 жылы «Жұлдыздар фабрикасы» байқауының финалисі атанған болатын. Бұл жобада қазақстандық әнші Алла Пугачеваның «Миллион алых роз», Мэрайя Кэридің Without You, сондай-ақ, М.Насыровтың «Я это ты» және басқа да әндерді орындады.

Ал, 2014 жылы ол ALTYN-GIRLS тобында өнер көрсете бастады.

Tengrinews.kz

МЕКТЕП ДИРЕКТОРЛАРЫ МЕН БАЛАБАҚША МЕНҒЕРУШІСІ КОНКУРСПЕН ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Шымкентте ашық конкурс нәтижесінде 2 мектеп директоры және 1 балабақша меңгерушісі тағайындалды. Конкурс қаладағы Қ.Сыпатаев атындағы №7 мектеп-лицейі, Титов атындағы №20, Ж.Аймауытов атындағы №64 мектеп-гимназия директорлары мен №49 «Жасұлан», №50 «Нұр-бөбек» бөбекжай балабақшаларының меңгерушісін тағайындау мақсатында өткізілді.

Конкурсқа мектеп директорлығынан 11 үміткер, меңгеруші лауазымынан 15 үміткер қатысты. Бұл үміткерлерге қойылған талап қатаң болды. Олар ең алдымен ұжымды басқару әдісін көрсетіп, комиссия мүшелеріне дәлелдеу қажет еді.

Конкурс нәтижесінде №7 мектеп-лицейге Раушан Әлмаханова, №20 мектепке Дәрмен Дана директор болып тағайындалды. №50 «Нұр-бөбек» балабақшасының меңгерушісі лауазымына Айдана Сыдықова лайық деп танылды. Ал, №64 мектеп директоры мен №49 балабақша меңгерушісін тағайындау мақсатында тағы да конкурс өткізу туралы шешім қабылданды.

Мұндай шешімді қала әкімі төрағалық еткен комиссия мүшелері ғана емес, мектептер мен балабақша ұжымдары, ата-аналар комитетінің өкілдері бірге қабылдады.

Автор

ЦИФРЛЫҚ ТЕЛЕХАБАР ТАРАТУ МЕРЗІМІН БЕКІТУ ЖОСПАРДА



стан, Қостанай, Қарағанды облыстары;

4) кезең, 2021 жылғы 1 шілдеге дейін: Батыс Қазақстан, Ақмола, Ақтөбе облысы, Астана және Алматы қалалары», - делінген бейсенбіде құжатта.

Бұйрық жобасы 24 мамырға дейін қоғамдық талқылауға шығарылды.

Еске салсақ, 16 сәуірде ҚР АҚМ 2018 жылы Қазақстанда цифрлық эфирлі теле- және радио хабар таратуды кезең-кезеңімен енгізу басталатынын хабарлаған болатын. Хабарда атап өтілгендей, ЦЭТТ енгізудің бірінші кезеңі аясында жыл соңында Маңғыстау (қазан), Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарын (желтоқсан) толық көшіру жұмыстары жоспарланған. Елдің қалған өңірлерінде ЦЭТТ енгізу 2020 жылдың соңына дейін кезең-кезеңімен аяқталады делінген. Ведомство ақпарынша, аталмыш процесс балама телехабар таратуды тоқтату арқылы жүзеге асырылатын болады, бұл жоспарға сәйкес 2021 жылдың ортасында аяқталады.

«QAZAQ LATYN KEYBOARD» ПЕРНЕТАҚТАСЫНЫҢ ТҰСАУЫ КЕСІЛДІ

Орталық коммуникациялар қызметінде Мемлекеттік тілді дамыту қорының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында әзірлеген екі цифрлық жобасы — смартфондар мен планшеттерге арналған латын әріптерімен қазақша пернетақта«Qazaq Latyn Keyboard» мобильді-қосымшасы мен «RESMIHAT.KZ» онлайн-порталының тұсаукесері өтті. Жобалар ҚР Тұңғыш Президенті — Елбасының қоры және «Samruk-KazynaTrust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорының қолдауымен әзірленді.

«Біз мемлекеттік тілді дамыту қоры болғандықтан, біз әлеуметтік желілер арқылы түрлі сауалнамалар жүргізіп, соның нәтижесінде жастар арасында, ел арасында сұранысқа ие жобаларды жүзеге асыруға тырысамыз. Сол сияқты, «Qazaq Latyn Keyboard» пернетақтасын барынша азаматтарға қолайлы етіп дайындауға тырыстық. Сонымен қатар, біз пайдаланушылардан келіп түскен әрбір ұсыныстар мен ескертулерді назарға алып, оларға сәйкес тиісті өзгертулер енгізудеміз», - деді Мемлекеттік тілді дамыту қорының

директоры Азат Шаяев.

«Qazaq Latyn Keyboard» жобасы қазақ тілін латын пернетақтасы арқылы барлық мобилді қосымшаларда қалыпты қолдануға мүмкіндік береді. Қолданушыларға ыңғайлы болу үшін, пернетақта жиынтығының транслитерациясы жасалды. Бағдарлама көмегімен кириллицамен терілген қазақша мәтін автоматты түрде латын графикасына аударылады. «Qazaq Latyn Keyboard» қосымшасының артықшылықтары ретінде: пернетақтадағы қолайлы латын әліпбиі, интерфейс тілін таңдау, оңай орнату, тақырыптарды таңдау, әзірлеушілермен кері байланыс, пайдаланушылардың пікірлері мен рейтингін біліп отыру мүмкіндіктері мен Қордың өзге жобалары мен әлеуметтік желідегі топтарына жасалған сілтемелерін атап өтуге болады. Бұл қосымшаны пайдаланушылардың барлығы дерлік еш қиындықсыз пайдалана алады. Болашақта пайдаланушылардан түскен ұсыныстар бойынша жобаны жақсарту және жетілдіру көзделеді. Қосымшаны App Store және Android-та жүктеп алуға болады.



**Бұл аптада
кімдер
туылған?**

16.05.1965ж.

Қайрат Сапарбаев
ОҚО мәслихатының депутаты, «Сапар» компаниялар тобы бақылау кеңесінің төрағасы

17.05. 1958 ж.

Созақбай Әбдіқұлов
ОҚО Жер қатынастары басқармасының басшысы

17.05.1982 ж.

Болат Жанәбіл
ОҚО білім басқармасына қарасты №9 колледжінің директоры

18.05. 1952 ж.

Даниш Маннатов
Түркістан қалалық өзбек этно-мәдени бірлестігінің төрағасы

20.05. 1947 ж.

Оразалы Сәбден
ҚР Білім және ғылым министрлігінің экономика институтының директоры, э.ғ.д., профессор, ҚР УИА академигі,

21.05.1966 ж.

Талғат Манкеев
кәсіпкер

21.05. 1950 ж.

Сейдахмет Қожамжаров
Бәйдібек ауданының Құрметті азаматы

21.05. 1960 ж.

Ералы Оспанұлы
суретші

Құрметті туылған күн иелері!
Сіздерді «Айғақ» газетінің ұжымы туған күндеріңізбен шын жүректен құттықтайды!

2018 жылдың 17 мамыр – қасиетті Рамазан айының бірінші күні!



**Мейірімді, рахымды
Алланың атымен бастаймын!**

Тәуелсіздігімізбен қатар елімізде Ислам дінін қайта жаңғыртқан Алла Тағалаға мың сан шүкір! Қазіргі уақытта дініміз бен дәстүрімізді қатар алып жүретін дәрежеге жеттік. Жыл сайын дәстүрлі мерекелермен қатар, діни мерекелерді де жоғары дәрежеде атап өгудеміз.

Құрметті мұсылман қауым! Барлықтарыңызды қасиетті Рамазан айының келуімен шын жүректен құттықтап, Алла Тағаладан ел амандығын, жұрт тыныштығын, дінімізге қуат, отбастарыңызға береке-бірлік, барша мұсылман халықтарына Жаратқанның жақсылықтары дарысын деп тілеймін.

Рамазан айында барша мұсылман ораза ұстап, Алла Тағаланың мейір-шапағатына бөленеді, қайырлы істерді көбейтеді, жүрегің, тілін және барша іс-әрекетін ғибадатқа бейімдейді.

Бақтыбай БЕЙСЕНБАЕВ,

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша өкіл имамы, облыстық орталық мешіттің Бас имамы

РУХАНИ ЖАҢАРУ АЙЫ – РАМАЗАН ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Рамазан – он екі айдың сұлтаны, кешірімі мол ай. Күнделікті тіршілік қамымен жүретін пенденің жүрегіне бұл айда иман нұры құйылады.

Рамазан – Алланың мейірімі төгіліп, жұмақтың есігі айқара ашылатын, иманды күшейтуге мүмкіндік берілген берекелі ай. Бұл айда мұсылмандар ораза ғибадатын атқарудың нәтижесінде шүкіршілік, шыдамдылық, жанашырлық, сабырлық, қайырымдылық, мейірімділік, бауырмалдық секілді ізгі қасиеттерді тұла бойларына қалыптастырып, имандылықтары артады. Иmandылық адамды арсыздықтан арылтады.

Хадис шәріпте: «Адамдарды жәннатқа кіргізетін нәрсе-тақуалық пен көркем мінезділік», - делінген.

Ораза адамды имандылықтың жемісі тақуалыққа тәрбиелейді. Адам шынайы тақуалықты рамазан айында сезінеді. Осы хадисте баяндалғандай, тақуалы адам жәннатқа лайықты. Жәннат адамының келесі сипаты – көркем мінезділік. Көркем мінезділік нәпсіні тізгіндеуден, тақуалықтан туындайды. Өзін-өзі басқаруы күшті, нәпсісі тәрбиеленген адамның мінез-құлқы жақсы болады. Ондай адам зұлымдық, жамандық жа-

самайды, басқаға хасат (қызғаныш) қылмайды, күндес болмайды.

Ораза ұстаған адам нәпсісін басқара білуі, мінез-құлқын көркемдеу және тілін жаман сөздерден тыю арқылы оның бойы күнә-кемшіліктерден тазарып, Алланың рахметі мен мағфиратына бөленіп, жәннатқа лайықты ізгі жанға айналады.

Ардақты пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с.): «Кім Рамазан айының оразасын шын иман және ықыласпен ұстаса, оның бұрын істелген күнәлары кешіріледі», - деген.

«Ораза» арабтың «сиям» деген сөзінен аударылады. «Өзін тыю» деген мағынаны білдіреді. Шариғи терминде «таң атқаннан күн толық ұясына батқанға дейін ниетпен, ішіп-жеуден және жыныстық қатынастан тыйылу» деген сөз.

Ораза адамның рухани жан-дүниесін кемелдендіріп, ой-санасын тазалап, нәпсілік қалауларын тізгіндеуге және Жаратушымен байланысын арттыруға жол ашатын ғибадат.

Қорыта айтқанда, Рамазан айында шынайы құлшылықпен, ораза әдебін сақтай отырып әр күнімізді өткізсек, сонда ғана мінезіміз көркемдесіп, има-

нымыз кемелдене түспек. Рамазан айында ораза ғибадатын шынайы ықыласымызбен ұстауды Алла бәрімізге нәсіп етсін.

Алла Тағала хадис құдсиде: «Адамзаттың барлық амалы өзі үшін, ал ұстаған оразасы Мен үшін, оның сауабын Өзім ғана (білемін және) беремін. Өйткені, ол Менің ризалығым үшін таң атқаннан күн батқанға дейін тағамнан, сусын, ішімдігінен және жыныстық қатынастан бас тартты», - дегеніндей рамазан айында күні бойы қарны апса да, ештеңе жемей, шөлдесе де бір жұтым су ішпей, шыдамдылық танытқан жерлестерімізге Алла Тағаланың нұры жаусын.

Құрметті жерлестер!

Ораза ұстағандарға ауызашар берудің де сауабы мол әрі ол мұсылман баласына тән дәстүр.

Хадистерде ауызашарға келген кісі дастархан басында отырған кезде үй иесіне періштелердің дұға ететіндігі айтылған. Бір хадисте: «Қияметте Алла Тағала кей адамдардан: «Маған неге ас жегізбедің?» – деп сұрайды. Өлгі адам: «Сен барлық әлемдердің Раббысы, Иесісің ғой, мен саған қалайша ас бермекпін?» – дейді. Сонда Алла Тағала: «Қарны аш бауырыңа (ауыз аштырмадың) тамақ бермедің. Егер оған (ауыз аштырғаныңда) маған ас жегізгендей сауап алар едің», – дейді», - делінген.

Аузы берік адамға бір құрма немесе бір кесе су төрізді азық беру де ауыз аштырудың сауабына кенелтеді.

Қадірлі қауым!

Рахым айы – Рамазан құтты болсын! Қасиетті айда ұстаған оразамыз, жасаған дұға-тілектеріміз, құлшылық-ғибадаттарымыз, әрбір қайырлы амалдарымыз қабыл болсын! Алла Тағала отбасымызға амандық, жұмысымызға береке-бірлік нәсіп етсін!

Тәуелсіздігіміз тұғырлы, мемлекетіміздің мерейі әрқашан үстем болып, мәңгілік ел болсын! Әмин!

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

(Жалғасы. Басы 1-бетте)
Сондықтан, жиында алғаш болып сөз алған АШМ Өмірзақ Шөкеев Қазақстанның географиялық орналасу ерекшеліктеріне қарай мелиорациялау мәселесі бірінші кезекте оңтүстік өңірлерде өзекті екендігін жеткізді. Мұнан өзге, мәжілісте мелиорация жүйесінің мемлекеттік бағдарлама аясында іске асырылуы және Елбасының тапсырмасы аясында ирригация жүйесін қалпына келтіру және 600 мың гектар суармалы жерді айналымға енгізу мәселелері де талқыланды. Ал бұл бойынша министрліктің Су ресурстары комитетінің төрағасы Ислам Әбішев баяндама жасады.

Баяндама барысында Оңтүстік Қазақстан облысында судың жеткілікті мөлшерде болмауына, жер асты суларының деңгейінің жоғарылығына және топырақтың тұздануына байланысты пайдаланылмаған ауыл шаруашылығы жерлерінің бар екендігі де айтылып өтті. Бұл ретте суармалы жерлердің тұздануы, жер асты суларының күрделі ағыны мен осы аумақтардағы жеткіліксіз дренаждық аудандарда кездеседі.

Басқосу барысында Облыс әкімі Жансейіт Қансейітұлы аймақтағы суармалы жерлер

көлемі ұлғайтылып, жаңа бағыттағы жобалар бойынша дамытылып жатқандығын жеткізді. Айталық, өңірде өткен жылы 570,4 мың гектар суармалы жердің 498,2 мың гектары пайдаланылған. Сондай-ақ, былтыр өңірдегі ауыл шаруашылығы саласындағы жалпы өнім көлемі 522,4 млрд теңгені құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 42 млрд теңгеге арқан. Сонымен қатар, озық технологияларды қолдануда түстік өңір республикада көш бастап тұр. Міне, осындай мәліметтер айтылған мәжілісте жергілікті шаруа қожалық иелері өз ұсыныстарын айтып, министрлік өкілдеріне өзекті сауалдарын да жолдады. Бұл ретте, шаруашылық төрағалары көбіне тыңайтқыштардың бағасын бақылауға алу керектігін және озық технологияларға сай алынатын жабдықтарға берілетін мемлекеттік қолдауларға өзгерістер енгізу қажеттігін, сондай-ақ суармалы жерлерге ағын судың қажетті мөлшерде келуін қамтамасыз етуді сұрап жатты.

Ал, мәжілістің күн тәртібіндегі екінші мәселе шегіртке зиянкестерімен күресу бойынша химиялық іс-шаралардың орындалуы болатын. Бұл бойынша АШМ Агроөнеркәсіп



кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитетінің төрайымы Ажар Елемесқызы мәлімдеме жасады. Айтуынша, биылғы жылы Республика аумағы бойынша зиянды және аса қауіпті организмдердің және карантинді объектілердің таралуы 5,1 млн гектар алаңды қамтиды деп болжанған. Ал, оның ішінде үйірлі шегіртке зиянкестері 1 млн 900 млн гектар, саяқ шегірткелер 444 мың гектар алаңда таралады деп болжамданған. Осы орайда, аталмыш аса

қауіпті зиянды организмдерге және карантинді организмдерге қарсы қорғау іс-шараларына Республикалық бюджеттен 3 млрд 570 млн теңге қаржы қаралған. Нәтижесінде, үйірлі шегірткеге қарсы өңдеу жұмыстары оңтүстік өңірлерде 10 сәуірінен басталса, тиісті шараларға республика бойынша барлығы 540 бірлік бүріккіш техникалар мен 37 ұшақ. 141 ультра аз көлемдегі бүріккіштер жұмылдырылған. Тек ОҚО бойынша үйірлі шегіртке зиянкес-

теріне қарсы химиялық күрес шаралары биыл 340 мың гектар аумаққа жүргізілуде.

Сонымен бірге, комитет төрайымы биыл шегіртке және олардың таралуына мониторинг жүргізуді нақты бақылау үшін ЖПС трекерлер мен ЖПС навигаторлар қолданылатынын айтты. Олар республика аумағының фитосанитарлық жай-күйін, оның ішіндегі өңірлердегі шегірткелер бойынша нақты көрінісін көрсететін болады.

Абай ОМАР.

Тақтайша ашылды

Рухани жаңғырудың негізінде жеке адамның, халықтың тұлғаға айналатындығын ата-бабаларымыз жете түсінген. Батырлықтың, шешендіктің, тума талант иесі болып ұлт өнерінің тарихта терең арнасын қалдырудың өзі қазақ баласының тарихтағы жасампаздық рухының биіктігін көрсетеді.



ЕСІМІ ЕЛІМЕН БІРГЕ МӘНГІ ЖАСАЙДЫ

Өткенге зер салмай, болашаққа қадам басу жоқ. Бізді бүгінгі бақытты заманға жеткізген, ұлттың қамын ойлаған ұлы тұлғаларды ұлықтау – ұрпақ парызы. Сондықтан да, тарихи тұлғаларға тағзым етіп, олардың есімін қайта тірілту рухани тұрғыда жаңғырудың көрінісі боп есептеледі. Осыған орай, Кеңес кезеңінде облыстық партия комитетін 9 жылдай басқарған Аманолла Рамазановтың Шымкентте тұрған үйіне есімі жазылған тақтайша қойылды. Өмірі өнеге парасатты тұлғаның тұғыры қашан да биік болуы тиіс. Иә, Аманолла Ғабдолқайұлының елеулі еңбегін халқы біледі. Елінің арқалы азаматының көзі тірі болғанда, биыл 90 жасқа толар еді.

1928 жылы Павлодар облысында дүниеге келген мемлекет және қоғам қайраткерінің жастық шағы тел өскен өзге балалармен қатар оңайға соққан жоқ. Өйткені, сол кезеңнің замана лебі Аманолланың азаматтық келбетінде айрықша орын алды. Тынымсыз еңбек, жарқын істері, білімге деген құштарлық тұлға болып қалыптасуында рөл атқарды. Иә, ауыл шаруашылығының түрлі салаларында еңбек ете жүріп, үш жылдай Қазақ КСР ауыл шаруашылығы министрінің бірінші орынбасары болды. 9 жылға жуық Оңтүстікті басқарған Аманолла Рамазановтың еңбегін бүгінгі жұрты ұрпақ алдында ұлықтауға келді. Өңірдің әрбір саладағы сансыз

тірлігінің бастауында ел ағасының ерлігі самсап тұр. Өйткені, алғашқы көпқабатты тұрғын үйлердің құрылысы да Шымкентте Рамазановтың тұсында басталған еді.

Ол екі рет Ленин, төрт рет Еңбек Қызыл Ту және Құрмет белгісі Ордендерімен марапатталса, екі дүркін КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. Аманолла Рамазанов Оңтүстікті басқарып тұрған тұста, облыс тарихында бұрын соңды болмаған жетістікке қол жеткізеді. Мақталы өңірдің ақ алтыны республикада рекордтық көрсеткішпен 320 мың тоннаға жеткізіліп, Брежневтің өзінен құттықтау хатын алады. Өрине, қарапайым жұмысшылармен де етене араласқан Рама-



зановтың әр тұлғасын халқы да ұмытқан емес. Кішіпейілділігі мен еселі еңбегін қашан да жоғары бағалайды.

Рамазанов десе мінезі байсалды, айтар сөзін ой толғаммен кесіп сөйлейтін парасатты тұлғаның есімін еске алады жұртшылық. Қазіргі Диваев көшесінде орналасқан екіқабатты үйдің екінші қабатында 9 жылдай тұр-

ған екен. Талай азаматтың өмір жолының қалыптасуына мұрындық болып, жастардың қызметте өсуіне септігі тиген. Нағыз еңбекқорды бағалай білген бірегей жан. Сол кезеңде облыс орталығында жаңадан үш

бағдар-рухани жаңғыру» атты мақаласы арқылы ел жадында жүретін азаматтардың тізімін жасап, олардың еңбектерін ұмытпау керектігімізді айқындап берді. Көзі тірісінде көптің жанынан ерекше қамқорлығымен

аудан құрып, жұмысты жандандыра түсті. Бір ғана Рамазановтың тұсында 12 бірдей шаруа озаттарының Социалистік Еңбек Ері атануы бірегей іс еді. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевпен бірге Өзбекстанға өтіп кеткен үш ауданды қайтаруға күш салды. Бұл туралы өзінің естелігінде де жазған.

Елбасы «Болашаққа

үлкен орын ала білген Аманолла Ғабдолқайұлының есімі бүгінгі ұрпақ үшін болашаққа бағдардың бір тармағы болуы тиіс. 5 ұл-қызын байлығына балап өткен бақытты әкемен еске алар ұрпағы да бақытты. Санада жаңғырар жарқын есімнің еселі еңбегі де ұрпағымен мәңгі өшпейді.

**Салтанат
ТОЙБОЛОВА.**

ҮШІНШІ МЕГАПОЛИСТЕ АЛҒАШҚЫ АРБАТ ДЕМАЛЫС АЙМАҒЫ АШЫЛДЫ



Шымкент қаласында отбасымен демалатын алғашқы «Арбат» ел игілігіне берілді. Шымкент қаласының Бекет батыр көшесінен орын тепкен жаңа демалыс аймағының ашылу рәсіміне Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев, қала әкімі Нұрлан Сауранбаев пен облыстық және қалалық мәслихаттың депутаттары, қала тұрғындары қатысты.

Шымкент еліміздегі ірі қалалардың бірі екенін айтқан аймақ басшысы, дамыған қалалардың барлығында халық демалатын

орындардың көптеп орналасуы заңдылық екенін атап өтті. Сонымен қатар, қаланы көркейтудің негізгі жұмыстарына тоқталып, атқарылып отырған жұмыстардың барлығы қала жұртшылығының игілігі үшін жасалып жатқанын айтты.

– Арбат құрылысын екі айдың ішінде аяқтаған қала әкімдігінің жауапты басшыларына алғысымды білдіремін. Енді бұл жер қаламыздың ең тартымды демалыс орны болады деп ойлаймын. Мұндай игі қадам қала тұрғындарының және жас ұрпақтың туған жерге деген

сүйіспеншілігін қалыптастыруда әсері мол екенін айрықша атап өткім келеді. Мұндай демалыс орны алдағы уақытта қаладағы А.Асқаров пен Бейбітшілік көшесінде де орын теппек. Жыл соңына дейін жаңарып, жанданатын ол нысандарды да бірге тамашалайтын боламыз», – деді Ж.Түймебаев.

Шымкенттік Арбаттың ұзындығы бір шақырым шамасында. Бұл жерге жаңа шамдар ілініп, орындықтар қойылды, ландшафт дизайны көз тартады. Қаланың жасыл желегіне жаңа рең қосқан арбат әдемі гүлдермен

көмкеріліп, жарық шашатын шамдармен безендірілген. Ыңғайлы демалыс аймағында сонымен бірге велосипед жолы да қарастырылған. Мұндағы 3600 шаршы метр аумақ көгалдандырылып, 2000 шаршы метр жерді аяқ жолдар алып жатыр. Бұдан бөлек, ол жерге 700-ге жуық жөке, талшын, аққайың сынды ағаш түрлері мен 1000 түп раушан гүлі егілді. Түнгі арбатты жарық етуге 76 көше шамдары мен 45 кіші торшерлер қойылды.

Қазіргі таңда мамандар арбаттың ерекше келбетін аша

түсетін арканы құру жұмысын аяқтауда. Жуық арада Бекет батыр көшесінің бұл бөлігі нағыз шығармашылық адамдарының орталығына айналмақ. Себебі, бұл аумаққа Суретшілер үйін салу жоспарлануда.

Осы күні облыс әкімі Ж.Түймебаев облыстық және қалалық мәслихаттың депутаттарына «Ескі қаланы жаңғырту» жобасы аясында атқарылып жатқан жұмыстарды таныстырды. Онда әкім «Қошқар-ата» өзені жағалауының енінен 10 метр, ұзындығы 1200 метр жер халық қыдырастыратын демалыс орнына айналатынын атап өтті.

Бүгінде аталған жоба аясында Ордабасы алаңынан Өзбек көшесіне дейінгі өзен бойымен жүріп өтетін 300 метрден астам аяқ жол көгалдандырылып, абаттандыру жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар, халық қалаулыларына Қошқар ата өзенінің жағалауында бой көтеретін «Қошқар ата» тұрғын үй кешенінің макеті таныстырылды. Жаңадан салынатын тұрғын үй кешенінің құрылысы үш кезеңнен жүргізіледі.

**Бетті дайындаған:
Балнұр ЖАНЫСБАЕВА.**





Оңтүстік Қазақстан облысында Ұлы Жеңістің 73 жылдығына арналған «Ер есімі - ел есінде» атты салтанатты іс-шара өтті. Жеңіс күніне арналған шара «Қаһарман Ұлт» шеруімен бастау алып, оған үш мыңға жуық азамат қатысты.

Шымкент қаласындағы «Даңқ» мемориалы кешенінде өткен салтанатты жиынға облыс әкімі Ж.Түймебаев, қала әкімі Н.Сауранбаев пен майдангерлер, тыл еңбеккерлері, зиялы қауым өкілдері мен соғысқа қатысқан азаматтардың ұрпақтары, облыстық мәслихаттың депутаттары, жастар және БАҚ өкілдері-жалпы саны 5 мыңнан аса адам қатысты.

Бұл мерекенің еліміздің өмірінде алатын орны ерекше екенін айтқан аймақ басшысы Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен тыл еңбеккерлерін және барша оңтүстікқазақстандықтарды Жеңістің 73 жылдығымен құттықтады.

«Құрметті Ұлы Отан соғысының ардагерлері! Сіздердің қан майданның алдыңғы шебіндегі ерліктеріңіздің, тылдағы ерен еңбектеріңіздің арқасында Қазақстандықтың бүгінгі ұрпағы келісіммен бейбіт өмір сүруде. Отан үшін отқа түсіп, қан майдандағы жеңіске деген табандылықтарыңыз үшін, алғыс білдіреміз! Ардагерлердің жанкешті ерлігі мен еңбегі жадымыздан ешқашан өшпек емес. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Біз әрқашанда Жеңіс күнін аға буынның Отанға деген шексіз сүйіспеншілігінің, жастарды ерлік пен патриотизм рухында тәрбиелеудің өлшеусіз өнегесі деп білеміз!» деп өшпес даңқты ерекше атап өткен болатын. Сондай-ақ, Мемлекет басшысы жыл сайынғы Жолдауында аға ұрпақ өкілдерін әлеуметтік қолдауда, әсіресе денсаулықтарын

Оңтүстік ЖҰРТШЫЛЫҒЫ ҰЛЫ ЖЕҢІС КҮНІН ҚАЛАЙ АТАП ӨТТІ?



түзету, сауықтыру және зейнетақы үстемелерін қосу мәселелерін назардан тыс қалдырған емес», - деді Ж.Түймебаев.

Мерекелік шарада Әскери үр-

мелі аспаптар оркестрі тақырыптық марштар орындап, Абай саябағындағы «Мәңгілік алауға» гүл шоқтарын қою рәсімімен жалғасын тапты. Мұнан соң, Ұлы Отан

соғысы және тыл еңбеккерлеріне арналған әскери өмірден театрландырылған көріністер қойылып, ардагерлерге дала ботқасы ұсынылды.

Жалпы облыстан Ұлы Отан соғысына 140 мыңнан астам азамат аттанып, оның 70 мыңы елге оралды. Оның ішінде жанқиярлық ерлігі үшін оңтүстікқазақстандық 51 азаматқа Кеңес Одағының Батыры атағы берілсе, 8 майдангер «Даңқ» орденінің иегері, 1 -і Халық қаһарманы атанды.

Жеңістің 73 жылдық мерекесінде өңірде 174 Ұлы Отан соғысы ардагері мен 15733 тыл еңбеккерлеріне және 4885 Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілгендерге құрмет көрсетілуде.

Сонымен қатар, аймақтағы барлық ҰОС ардагерлеріне облыс әкімінің атынан құттықтау хат жолданып, сый-сияпат көрсетілді. Ал, әлеуметтік қолдау көрсету бойынша Ұлы Отан соғысы ардагеріне 100 айлық есептік көрсеткіш, яғни, 240 500 теңге көлемінде, ал тыл еңбеккерлеріне 5 АЕК, ол 12025 теңге көлемінде біржолғы материалдық көмек берілді.

Осыдан 73 жыл бұрын адамзат тарихында ең ауыр және қанды соғыстың соңғы оқтары атылды. Содан бері 1945 жылдың 9 Мамыры жұртшылық жадында ерлік үлгісі, мұқалмас ерік жігер мен қажырлы еңбектің символына айналды.

Осынау қанды қырғында, Созақ ауданынан 6 мыңдай азамат отанын қорғауға аттанса, оның 83 пайызы соғыс даласында қаза тауып, елге оралмады... Олар өз өмірлерін қия отырып, өзінен кейінгі мыңдаған, миллиондаған ұрпақтарының өмірлерін аман сақтап қалды.

Сұрапыл соғыс жылдары созақтық қаһарман жауынгерлер өздерінің бар



ынта- жігерлерінің арқасында Жеңіске жетуге өзіндік үлес қосты. Бүгінгі таңда оқ пен оттың ортасында жанқиярлықпен Отан қорғаған 6 соғыс ардагері - бүгінде созақтықтардың құрметіне бөленген абзал жандар.

ТЕРІСКЕЙЛІКТЕР 6 СОҒЫС АРДАГЕРІНЕ АВТОКӨЛІК КІЛТІН ТАБЫСТАДЫ

Шолақорған ауылында Жеңіс күні мерекесі аталы, орталық Даңқ саябағында жалпыхалықтық шеру өтті. «Белгісіз сарбаз» ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, құран бағышталды, соғыс сарбаздарының рухына тағзым етілді.

Мерекелік шарада аудан әкімі Салыхан Полатов тұрғындарды мерекемен құттықтады. Бүгінде немере, шөбере сүйіп отырған абыз ақсақалдар, Ұлы Отан соғысының ардагерлері Тәжі Нұрқожаев, Мырзахмет Жылысбаев, Оспан Бексейітов, Сергей Дранов, Шамил Тагев, Әуесхан Шайдазимов су жаңа «Нива» автокөлігінің кілтін қолдарына алып, қуанышқа бөленді.

Отан соғысының ардагері Мырзахмет Жылысбаев:

-Еліміз аман, жұртымыз тыныш, береке мен бірлікті сақтап отырған Елбасымыз аман болсын! Кейінгі ұрпақ соғысты көрмесін, - деген жүрекжарды лебізін білдірді. Ал, уран өндіретін «Катко», «Инкай» компаниялары қаржылай сыйлықтар ұсынды. Мереке күндері ауган соғысы, Чернобыль апатына қатысушылар мен тыл ардагерлеріне де аудандық бюджеттен қаржылай сыйлық табыс етілді.

Мерекелік шара орталық ипподромда бөйге, көкпар, қыз қуу сынды ұлттық спорт ойындарымен жалғасты.



Тарих бетінде, «Екінші дүние жүзілік соғыс» деген атаумен қалған 1941-1945 жылдар аралығындағы Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына биыл -73 жыл. Ал, осы бір әлемге тыныштық әкелген жеңісті, Кеңес Одағының құрамында болған Қазақстанның қайратты ұлдары мен қайсар қыздарының ерлігі арқасында қол жеткізді. Батырлық пен батылдықты бойына жинаған ерен ерлердің арасында қаншама қазақстандықтар от кешіп жүріп, Отанын қорғады.

Қазақстандықтар үлкен ерлік көрсетіп, Жеңіс күнін жақындатуға өз үлестерін қосты. Майдандағы ерлігі үшін 520 қазақстандықтың, оның ішінде 100-ден астам қазақтың Кеңес Одағының Батыры атағын алуы - ортақ Отанын қорғауда қазақ ұлтының суырылып алға шыққанын көрсетеді. Бұл тұрғыда Кеңес Одағының батыры атанған төрт бірдей азаматтың Ордабасы

ЕҢ ҚАРТ ҰОС АРДАГЕРІ - 105 ЖАСТА

өңірінен шыққанын айта кеткен жөн. Олар Қарсыбай, Спатаев, Бейсен Оңтаев, Сыдық Исмаилов, Берген Исаханов.

Ұлы Жеңіс күні мерекесіне қарсаңындағы айтулы шара Ордабасы ауданына қарасты, Төрткөл елді мекенінде де өз жалғасын тапты. Мұнда ҰОС -ның ардагері Палан Қалдыбайұлының 105 жасқа толуына орай жергілікті жердегі мәдениет үйінде концерттік бағдарламалар ұйымдастырылып, ұлттық ойын түрлерінен жарыстар өтті.

Қалдыбайұлы Палан ақсақал 1913 жылдың көктемінде сол кездегі Шаян ауданы, Төрткөл ауылында дүниеге келген. Ол 1934-35 жылдары Сайрамдағы механизаторлар дайындайтын училищеде оқып, механизатор - тракторист мамандығын алған. Осыдан соң, 1935-1942 жылдар аралығында Шаян ауданының Ленин колхозында тракторист болып еңбек етеді. Ал, 1942 жылдың көктемінде Палан Қалдыбайұлы өзінің 3 ағайынды бауырларымен бірге

сұрапыл соғысқа аттанады.

Осылайша, бастапқыда Сталинград қаласындағы талай шешуші ұрыстарға қатысқан Палан ақсақал қан майданды бастан өткерді. Майдан даласында талай мәрте жарақат алғанына қарамастан қайсар мінезді қазақ баласы еш уақытта қаймықпады. Үнемі алдыңғы шепте жүріп, жау оғына кеудесін тосқан батыр жауынгер 1944 жылы көктемде Сталиннің бұйрығымен Кавказ халықтарын жер аудартуға қатысты. Соғыста көрсеткен қайсарлығы мен табандылығы үшін түрлі наградалармен марапаттаған Палан ақсақал соғыс аяқталған кейін де бірден елге орала қойған жоқ. Ол Жеңіске жеткен Кеңес әскері сапында тағы біршама уақыт Жапон соғысына аттанып, жауынгерлік тапсырмаларды орындады. Ал, туған жерге 1946 жылдың наурыз айында оралған жауынгер Ленин колхозында тракторист-механизатор, темір ұстасы, слесарь болып 30 жылға жуық уақыт еңбек етті. 1973 жылы зейнеткерлікке шыққан майдангер

қарт жұбайымен бірге отбасында 4 ұл тәрбиелеп өсіріп, олардан немере - шөбере, шөпшек сүйіп отырған ардақты жан.

Әулеттің ардақты ақсақалы шаңырақтың ұйытқысы болып отырған ҰОС-ның ардагерін әрбір мерекеде туған-туыстары мен немерешөберелері және Төрткөл ауылының тұрғындары да арнайы келіп құттықтап тұрады. Ал, бұл күні Палан ақсақалдың 105 жылдығымен тұспа-тұс ұйымдастырылған шара барысында концерттік бағдарламалар ұсынылса, жер-жерден келген қонақтар ардагерге ақ тілектерін айтып, тартуларын жасады.

Соғыс жылдары майданға аттанған әрбір үйдің азаматы, Жеңіс үшін жан аямай шайқасты. Сол соғыста Құрбан болғандардың рухы өскелең ұрпақ жадында мәңгілікке қалды. Ал, майданнан аман-есен оралғандары - өз қолдарымен сепкен жеңістің жемісін теріп, «Отан үшін отқа түссең де күймейсің» деген халық даналығының ақиқат екенін, аймаңдай-



Суретте: Палан Қалдыбайұлы.

лы ұрпаққа айқындап берді. Осы ретте, ҰОС ардагерінің ұл-қыздары мен немерелері майдангер аталарының өмір жолын бүгінгі ұрпаққа өнеге деп біледі. Сонымен, бұл күні 105 жасқа толған ҰОС ардагері Палан Қалдыбайұлына арналған мерекелік шара соңынан жиналған қонақтарға арналып үлкен ас берілді.

Ұлы Жеңістің маңызын сарымайдай сақтап, өкшелеп келе жатқан өскелең ұрпаққа асыл мұра, қымбат қазынадай қалдыруда еш аянып қалмайық. Ұлы Жеңістің Туы желбірей берсін!

Оңтүстік Қазақстан облысының 120 мыңға жуық халқы бар Төле би ауданында алдағы 5 жылда өздерінде өндірілген электр қуатымен толық қамтылатын болады. Бұл туралы Төлеби ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі хабарлады.

Осы мақсатта ауданда жеті ауқымды жоба жүзеге асырылып жатыр. Атап айтқанда, Сайрамсу мен Қасқасу өзенінің бойында алты шағын су электр станциясы бой көтереді. Ал, осы жылдың қыркүйек айында қуаттылығы 5 МВт, құны 1,5 млрд теңге болатын «Ақсу қуат» алғашқы су электр стансаның құрылысы

ТӨЛЕБИЛІКТЕР 5 ЖЫЛДА ЭЛЕКТР ҚУАТЫМЕН ТОЛЫҚ ҚАМТЫЛАДЫ

аяқталатын болады.

Сонымен қатар, биыл аудан орталығы Ленгiр қаласында қуаттылығы 10 МВт болатын «ДСТО- Solar» күн электр стансасы мен Қасқасу ауылдық округінде қуаттылығы 5 МВт болатын «Сары-Айғыр Қуат» шағын ГЭС құрылысы басталады. Баламалы электр қуатын өндіру бойынша «ДСТО- So-

lar» жобасының құны 4 млрд теңге.

Бұл жобалардың барлығы іске қосылған жағдайда 30 МВт-қа жуық электр қуаты, өндіріледі. Айта кетейік, бүгінде ауданның электрге қажеттілігі шамамен 20 МВт, қалғаны күн сайын электр қуатының қажеттілігі артып келе жатқан ауданның өндірістік



ЕҢ БАСТЫСЫ - Мемлекет кепілдігі

«Не шықса да Шымкенттен шығады» деген сөз өзiлге сүйей айтылса да, негізінде шындық бар.

Көктем ерте келетін, малға да, жанға да жайлы шырайлы Шымкентте тағы бір жақсы жаңалық бой көрсетті. Құрылыс саласында мол тәжірибе жинақтаған «Бақыт» ЖШС мемлекет кепілдеме берген алғашқы тұрғыны үйдің құрылысын бастады. Аздап тарихи шегініс жасай кетсек. Естеріңізде болса, Астана және Алматы қалаларында құрылысқа қатысты біраз дау көтерілген болатын. Алмағайыптау кезеңде теңгенің құнсыздануы бұрынғы келісім-шарттың бірін қайта қарауға өкеп соғып, үлескерлер мен құрылыс салушылардың арасында түсініспеушілік пайда болған еді. Осыдан кейін Үкіметіміз құрылыс жөніндегі заңдарды қайта қарап, неғұрлым тиімді жолдарын таңдап алды. Аталған мақсатты жүзеге асыру үшін, «Тұрғын үй кепілдендіру қоры» (АО «Фонд гарантирования жилищного строительства») және «Ұлттық басқару «Бөйтерек» холдингі» (АО «Национальный управляющий холдинг «Бөйтерек») акционерлік қоғамдары құрылды. Қазірдің өзінде «Тұрғын үй кепілдендіру қорының» кепілдендіруімен Астана, Алматы қалаларында тұрғын үй құрылыстары жүріп жатыр.

«Қазақстан тұрғын үй құрылыс жинақтау банкі» (АО «Жилстройсбербанк Казахстана»), «Тұрғын үй кепілдендіру қорымен» қатар, Шымкент қалалық әкімшілігі мен «Оңтүстікқұрылыс-сервис» ЖШС-і де мүше болып кірген болатын.

Жан-жақты келісімнің ең үлкен жетістігі тұрғын үй үшін қаржы құйған кез-келген азамат ешқашан да ұтылмайды. Өйткені, ол Үкімет тарапынан кепілдендіріліп отыр. Әрине, мемлекеттік маңызы бар құрылыс нысандарын салу тәжірибесі де, қоры да мол, кәсіби шебер компанияларға ғана тапсырылатыны белгілі. Солардың бірі де бірегейі, есімі елімізге танымал «Оңтүстікқұрылыс-сервис» ЖШС-і болып табылады (басшысы А.Құртаев). Сол компанияға мүше болып табылатын «Бақыт» ЖШС Шымкент қаласындағы «Метро» сауда үйінің (Бөйтерек көшесінің Республика даңғылымен қиылысы) алдындағы алаңқайға заманауи талаптың біріне жауап беретін 7 үйдің құрылысын бастады. Ең қуаныштысы, пәтерсіз жүрген азаматтар ендігі жерде — пәтерлерін кепілге қойып, жеңілдетілген несие ала алады. Бір шаршы метрі 200 мың теңге болатын 52 пәтерлік үйдің заманауи талапқа сай әсемдігі мен ыңғайлылығы, орналасқан жері кім-кімнің де көңілінен шығатыны сөзсіз. 52 пәтердің 12-сі (72,76 ш.м), 24-і (96,74 ш.м), 16-сы (107,78 ш.м) бөлмелік боламақ. Баспаналы болғысы келетіндер «Өз үйім» («Свои дома») бағдарламасына сай өтініш бере алады. Өтініштер 27 мамырға дейін қабылданады.

Ө.БЕЛГІБАЙ.



ШАҒАЛАЛЫ ӨНІР ТУРИЗМ ОРДАСЫНА АЙНАЛМАҚ

Оңтүстік Қазақстан облысы, Шардара ауданы жағажай туризмін дамытуға қолайлы аймақ. Шардара су қоймасы жағалауындағы туризм саласын дамыту бойынша тиісті жұмыстар атқарылуда. Алдағы уақытта 255 гектар аумақта 60 нысан құрылысы жүргізіледі. Атап айтқанда, қонақ үйлер, яхт-клуб, ресторандар, аңшылар және балықшылар үйі, аквапарк сынды ғимараттар бой көтереді. Бүгін бұл туралы ОҚО өңірлік коммуника-

циялар қызметінде өткен брифингте Шардара ауданының әкімі Болатбек Қыстауов мәлім етті.

Аудан басшысының айтуынша, туристік аумаққа тартылатын инвестиция көлемі 6,7 млрд теңгені құрайды. Аталған жобаға инвесторлар қызығушылық танытуда. Бұл жұмыстар іске асқан жағдайда, 1000-нан астам жаңа жұмыс орны ашылып, бірнеше нысан бой көтеретін болады. Нәтижесінде, өңірге келуші туристердің саны 45

мыңнан асады деп жоспарлануда.

Бұдан бөлек, Шардара ауданында 19 кәсіпорын жұмыс жасайды. Өткен жылы осы өндіріс орынында 7844,5 млн. теңгенің өнімі өндіріліп, 2016 жылмен салыстырғанда 4,7 пайызға артқан. «Индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы» аясында осы уақытқа дейін ауданда жалпы құны 1482 млн. теңгені құрайтын 5 жоба іске асырылды.

«Ағымдағы жылы өнер-

кәсіп өнімін 8960 млн. теңгеге жеткізу жоспарланған. «Индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы» шеңберінде ауданға инвестиция тарта отырып, ағымдағы 3 бірдей жобаны іске асыру көзделіп отыр. Олардың қатарында жалпы жобалық құны 200 млн. теңгені құрайтын өндірістік қуаттылығы 600 тонналық «Байтерек ББМ» ЖШС-нің «Балық өңдеу зауытының құрылысы» бар. Қазіргі таңда құрылыс жұмыстарының 70 пайызы аяқталған. Сондай-ақ, өндірістік қуаттылығы 20 мың тоннаны құрайтын «Ай-Кажы» Ақ-алтын» ЖШС-нің «Мақта өңдеу зауытының құрылысы» жобасы бар. Үшіншісі, «Шардара ГЭС» АҚ-ның қайта жаңғырту жобасы. Аталған жобаларды іске қосу арқылы 400 адамға жаңа жұмыс орны ашылады», - деді Болатбек Дүйсенбекұлы.

Сондай-ақ, «Бизнестің жол картасы-2020» кәсіпкерлікті қолдау және дамыту бірыңғай бағдарламасы аясында ауданда өткен жылы 14 жобаға қолдау көрсетіліп, өңірлік үйлестіру кеңесімен мақұлданған.

«ҚАЗАҚ ЕЛІ» КИНТУЫНДЫСЫНЫҢ

Оңтүстіктегі түсірілімі басталды

қиятөбе жерінде өтіп жатқан түсірілімге 500-ге жуық адам жұмылдырылған. Сценарий авторлары: Смағұл Елубай мен Тимур Жақсылықов. Туындының бас режиссеры Рүстем Әбдірашев Оңтүстік өңірінің табиғи ерекшелігі мен тарихи рөлі фильм үшін маңызды екендігін жеткізді.

«Қазақ елі» туындысының II-маусымының алғашқы 5 сериясы Алматы облысының Талғар ауданында басталды. Кейінгі бөлімдері осы Оңтүстік өңірінде түсіріліп жатыр. Мұнда Керей мен Жәнібектің және Әбілқайыр әскерлерінің шайқасы, Қазтуғанның көші, Қасым ханның

аманаттан оралуы сынды эпизодтары таспалануда. Алдағы уақытта Түркістан қаласында Жәнібектің хан тағына отыруы сынды көріністерді түсіретін боламыз. Осы түсірілім жұмыстарына атсалысқан облыс басшысы Жансейіт Қансейітұлына алғыс білдіреміз», - деді Р. Әбдірашев.

«Қазақ елі» фильмінің Оңтүстіктегі түсірілім жұмыстары маусым айына дейін жалғасады. Тарихты таныстырып, текті танытатын тарихи туынды ағымдағы жылдың желтоқсан айында көпшілік назарына ұсынылатын болады.



Ақтөбе облысы

127 МЫН ОҚУШЫ БИЫЛ ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСПЕН ҚАМТЫЛАДЫ



10 мамырда облыс әкімі Бердібек Сапарбаевтың төрағалығымен өткен жиында Ақтөбе агломерациясын 2030 жылға дейін қалыптастырудың ұзақ мерзімді жоспарын жүзеге асыру жоспарының жобасы қаралды.

Жиынға облыс әкімінің орынбасарлары, Ақтөбе қаласы мен аудандардың әкімдері, басқармалар мен департаменттердің басшылары қатысты. Ақтөбе агломерациясын қалыптастырудың ұзақ мерзімді жоспарында дамудың сегіз негізгі бағыты анықталған. Оларды жүзеге асыру мақсатында 2018-2024 жылдарға арналған шаралардың индустриалды-инновациялық жобаларды, көлік логистикасы мен білім беру орталығын дамытуға, кедергісіз бизнес ортаны құруға, өмір сапасын жақсартуға, Smart city жобасы мен медициналық кластерді әрі қарай жетілдіруге бағытталған жоспары жасалды.

Атап айтқанда, экономика және бюджетті жоспарлау басқармасының басшысы Олжас Смағұлов мәлімдегендей, жоспарға сәйкес агломерация аймағында кем дегенде жеті өнеркәсіптік инвестициялық жобаны жүзеге асыру, ШОБ-тің әрекет етуші субъектілерінің санын жыл сайын кем дегенде бір мыңға дейін арттыру, суармалы жерлерді 100% қалпына келтіру, жылдық тұрғын үйді пайдалануға беру жағын кем дегенде 10% өсіру, Ақтөбедегі қоқыс өңдеу зауытының құрылысы, жолдарды қалпына келтірудің жаңа әдістерін жыл сайынғы қамтуды 15%-ға көтере отырып қолдану, кем дегенде балаларға арналған жүз мектепке дейінгі мекеме ашу, балалар технопаркінің желілері мен бизнес-инкубаторларын ашу және т.б. қарастырылуда.

- Ақтөбе қаласы мен барлық аудан әкімдеріне Ақтөбе агломерациясын дамыту жобаларының орындалуын үнемі қадағалауда ұстауды тапсырамын. Мемлекет басшысы біздің облысты Батыс Қазақстан өңірлерінің агломерация орталығы, деп бекер белгілеген жоқ. Бұл жоба бізге облыстың даму әлеуетін толықтай ашуға көмектеседі. Бұл экономиканы күшейтіп, халықтың өмір сүру деңгейін арттырады, -деп атап өтті облыс әкімі.

Жиын кезінде сондай-ақ, ҰБТ-ға дайын және жазғы демалыс кезінде балалардың демалысын ұйымдастыру мәселесі де қаралды. Биыл облыс бойынша 15 ҰБТ пункттері жұмыс жасайтын болады, олардың 130 аудиториясы барлық қажетті жабдықтармен жарақтанған, -деп мәлімдеді білім беру басқармасының басшысы Ләззат Оразбаева. Ақтөбе облысындағы тестілеудің нақты уақыты әлі анықталмаған. Мектеп түлектерінен өтініш қабылдау 10 мамырда сағат кешкі 6-да аяқталады. Бердібек Сапарбаев оқушыларды моральдық тұрғыда дайындау жағына барынша көңіл бөлуді тапсырды.

- Ақтөбе қаласы мен аудан әкімдеріне тестілеудің дайындық барысы мен өтуін жеке бақылауда ұстауды тапсырамын. Балалардың ҰБТ пункттеріне дейін қауіпсіз жетуі мен кері қайтуын қамтамасыз ету үшін жұмыстаныңыздар, -деді өңір басшысы. Осы жылы жазғы демалыспен 127,2 мың оқушы немесе 93%-ы қамтылған. Олардың 11 мыңнан астамы қала сыртындағы он лагерьде, 17,4 мыңы шатырлы лагерьлерде, 56 мыңнан астамы мектеп жанындағы лагерьлерде демалмақ. Айта кетейік, биыл бюджеттен осы мақсатқа 282 млн теңге (2017 ж. -152 млн. тг) бөлінген. Барлық жерде жаңашылдық болуы қажет, -деп тапсырды облыс әкімі Ләззат Оразбаеваға.

Ақмола облысы

ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ АТЫНДАҒЫ АЛЛЕЯ АШЫЛАДЫ

12 мамырда «Ғашықтар» саябағында ағаштарды отырғызу бойынша экологиялық акция өтеді.

Кейіннен бұл аллеяға қоғамдық және саяси қайраткер, Еңбек Ері, Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлық иегері Әбіш Кекілбаевтің есімі берілетін болады, деп хабарлайды елорда әкімдігінің баспасөз қызметі.

Экологиялық науқан «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында Астана қаласы «Есіл» ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыруымен өтеді. Оған Ә. Кекілбаевтің жұбайы Клара Жұмабаева, жазушының туған-туысқандары мен Кекілбаевтар жан-ұясының дос-жарандары, өскелең ұрпақтың өкілдері қатысады. Сонымен қатар, өз ағаштарын аллеяда «Есіл»

Алматы әкімі Бауыржан Байбек қаланың тарихи орталығын жаңарту барысында ескерусіз қалған фонтандарды қалпына келтіру бойынша тапсырма берген еді.

Ұлттық кітапхана, “Жетісу” қонақ-



үйі, Абылай хан мен Шевченко көшелерінің қиылысындағы және басқа да жерлердегі бұрыннан бар субұрқақтарды қайта жасау жоспарланған. Жаңа фонтандар Абай, Назарбаев, Абылай хан даңғылда-

Алматы қаласы

МЕГАПОЛИСТЕ ТОҒЫЗ ЖАНА ФОНТАН САЛЫНАДЫ

ры мен Гоголь, Жібек Жолы, Мәметова және Райымбек көшелерінің арасына салынады, деп хабарлайды қала әкімінің баспасөз қызметі.

Дәстүрлі фонтандармен қатар “құрғақ субұрқақтар” да іске қосылуда, мұнда айналмалы су жүйесі, судың биіктігі ескерілген. Түрлі прожекторлар арқылы галогенді және жүзгіш шырақ сынды жарық көздері орнатылады.

Айта кетерлігі, бұрын қайта жа-

ңарған Панфилов, Жібек Жолы, Гоголь, Қабанбай батыр, Байсейітова, Төлебаев көшелері мен “Астана” алаңына қоса, биылғы жылы мегаполистің бірқатар даңғылдары да жаңарады.

Орталықтандыру қағидасы бойынша қаланың барлық аудандарында абаттандыру жұмыстары жүруде. Егер өткен жылы 455 аула жаңарса, 2018 жылы қосымша 585 аула модернизацияланады.

Жалпы, соңғы жылдары мегаполисте 180 км жол және 700 км инженерлік желілер салынып, жөнделді, бірқатар жолайықтарының құрылыстары жүруде, магистралды көшелер үңгіленуде. Биылғы жылы ұзындығы 155 км болатын 157 көше мен 30 шақырымнан асатын жүргінші тротуарларын жөндеу жоспарланған.

Шығыс Қазақстан облысы

60 ЕЛДІ МЕКЕН КӨГІЛДІР ОТЫНМЕН ҚАМТЫЛМАҚ

Шығыс Қазақстандағы 60 елді мекенге де көгілдір отын тартылады.

Мамандар 2021 жылға дейін Ұржар, Күршім, Тарбағатай аудандарында автоматтандырылған газ тарату бекеттері салынатынын жеткізді. Құбырларды тартуға жергілікті билік өкілдері мүдделі. Құны 80 млн теңгеден асатын жобаға қаржыны Еуропалық банктен алу көзделіп отыр.

Қайрат Оралбеков, Облыстық энергетика және ТКШ басқармасы басшысының орынбасары: – Бүгінде Зайсан ауданында газ құбырларын салу бойынша жобалық-сметалық құжаттар әзірленіп жатыр. Құжат шілде айында дайын болады. Әзірге Тарбағатай, Күршім, Ұржар ауданындағы 100 мың абонентті көгілдір отынмен қамту көзделген.

Атырау облысы

ҚАЗАҚСТАНДА ПОЛИПРОПИЛЕН ЗАУЫТЫН САЛУҒА 2,6 МЛРД ДОЛЛАР ЖҰМСАЛАДЫ

Ведомство Атырау облысында полиэтилен өндіретін зауыт салу үшін мемлекеттік «Самұрық-Қазына» қоры мен австрия-араб Borealis компаниялары келісімшартқа қол қойғанын хабарлады. Зауыт жылына 1,25 млн тонна полиэтилен өндіретінін жоспарлауда, деп хабарлайды Baq.kz ақпарат агенттігі.

Зауытқа қатысты техникалық-экономикалық мәселелер биыл қаралып бітуі тиіс. Мұнымен қатар, екінші жоба – полипропилен өндіретін зауытты салу үшін, жоғарыда аты аталған компаниялар тағы да бір келісімшарт жасасты.

«Құжатқа сәйкес, Borealis полипропилен өндіру зауытына қатысты технико-экономикалық және заңдық экспертиза жүргізеді. Бұл жобаның құны 2,6 млрд долларды құрап отыр. Ол жылына 500 мың тонна полипропилен өндіретін болады», - деді Энергетика министрлігіндегілер.

Мұнымен қатар, министрліктегілер полипропилен мен полиэтиленнің әлемдегі сұраныс жоғары полимерлер екенін айтып өтті.



ауданының әкімі Төлеген Закарьянов пен елорданың зиялы қауым өкілдері отырғызады деп күтілуде.

Осылайша, «Астана Опера» опера және балет театрына қарама қарсы учаскеде қарағай, сібір шыршасы, қызыл шетен, ұсақ жапырақты шегірішін сияқты ағаштардың 250-ге тарта көшетін отырғызу жоспарланған.



ТҮЛКІБАСТЫҚ ЖАУЫНГЕР Н.ТҰРСЫНБЕКОВТЫҢ ЕСІМІ ҰЛЫҚТАЛДЫ

(Соңы. Басы 1-ші бетте)

Қара теңіздің жағалауында орналасқан Қырым Республикасында 2,5 миллион тұрғын бар. Дәл осы елде екі бірдей батыр қала болса, соның бірі 1941 жылдары фашистің алғашқы соққысына ілінген – Керчь бұғазы. Бұл маңда қанды шайқас кезінде 15 мың бейбіт тұрғын қаза тауып, 14 мың адам тұтқында болған. Екі рет басқыншылардың қолында қалған қаланы Кеңес әскерлері ерлікпен азат етті. Ержүректердің қатарында Түлкібас ауданының тумасы Нұрмахан Тұрсынбеков те бар. Бір взводты басқарып, шабуылға тойтарыс берген лейтенант жерлесіміз 1943 жылдың қараша айында Эльтиген жерінде қаза тауып, бауырластар зиратына жерленген. Міне, осы батыр бабамызды іздеп Оңтүстік аймағынан барған қоғамдық делегация Керчь қаласында өткен салтанатты шеруге қатысты. ОҚО мәслихатының депутаты, “Айғақ” телеарнасының басшысы Дулат Әбіш жетекшілік еткен қоғамдық делегация құрамында Елбасының курстасы Марат Қыстаубаев, Созақ ауданының “Құрметті азаматы” Жұмабек Жүнісұлы, Ордабасы ауданының еңбек ардагері Махмұдбек Мұхамедов, Шардара ауданының “Құрметті азаматы” Жанзақ Әлібеков, Керчь бұғазында ерлікпен қаза тапқан жауынгер Нұрмахан Тұрсынбековты жиен қарындасы - Айымхан Баймаханова бар.

Қырымдағы батыр қала Жеңістің 73 жылдығын әскери шеруден бастады. Сапта сақадай-сай тұрған сарбаздар мен соғыс кезінде жауға мықты тойтарыс берген танкілер Ленин алаңымен жүріп өтті. Екінші дүниежүзілік соғысты бастан кешкен, талай бала жетім қалып, қаншама ана жесір қалған Керчь тұрғындары үшін Ұлы Жеңістің маңызы зор. Соғысқа қатысқан әрбір көзі тірі ардагердің Жеңіс күнінде жүздері жарқырағанмен, көңілдерінде мұнды қасірет бар екені байқалады.

Керчь қаласындағы шараға қатысқан біздер шын патриоттарды байқадық. Олардың көздеріне қарап, Отанға деген сүйіспеншілігін сезіндік. Соғысты бастан кешкен қала салтанатты шеру барысында майданда ерлікпен жан тапсырған

батырларды ұлықтап, “Мәңгілік полк” кең ауқымды акциясын өткізді. Онда талай батырлардың бейнелері жарқырады. Солардың қатарында жерлес жауынгеріміз Нұрмахан Тұрсынбеков те бар.

Салтанатты шерудің жалғасында Керчь қаласының тұрғындары мен қонақтары Митридат тауына көтерілді. Қаладан 90 метр биіктікте орналасқан Митридат тауында қанды қырғын болып, Керчь қаласы азат етілген. Жеңістің туы желбіреген тауда қаһарман қаланың тұрғындары жыл сайын далалық ботқадан дәм татып, ардагерлерге құрмет көрсетеді екен. Тап осы салтанатты жиында Қазақстаннан арнайы келген қонақтарға құрмет көрсетіліп, делегация жетекшісі Дулат Әбішке және Елбасының группаласы Марат Қыстаубаевқа сөз берілді.

Мерекелік шара кезінде Керчь қаласының басшысы Сергей Бороздин Қазақстаннан барған делегация жетекшісі Дулат Әбішке шайқаста қаза болған батыр жауынгерді туған елінен іздеп келген патриоттығы үшін алғыс хат табыстап, құрмет көрсетті. Ал, қоғамдық делегация Керчь қаласының басшысына ОҚО мәслихатының хатшысы Қайрат Балабиевтің және батыр қаланың әкімдік қызметкерлеріне Түлкібас ауданы әкімінің Алғыс хаттарын ұсынды.

Ұлы Жеңіске арналған салтанатты шарадан кейін жерлес жауынгер Нұрмахан Тұрсынбеков қаза тапқан Эльтиген елді мекеніне бардық. Эльтиген десанты туралы сыр шертетін мұражайда дәл осы Керчь бұғазында жаумен жанкиярлықпен соғысып қаза тапқан Нұрмахан Тұрсынбековтың ерлігі дәріптелген. Жат жерде жан тапсырып, сүйегі жерленген бауырластар зиратында белгі тас орнаттық.

Нұрмахан Тұрсынбековтың соғыстағы ерлігі туралы мағлұмат білгілеріңіз келсе, Кеңес Одағының Маршалы Гречконың «Кавказ үшін шайқас» кітабы мен әскери басылымның тілшісі Рудныйдың басылымда жариялаған материалдарында жазылған. Міне, осылайша Қырым еліндегі игі сапар өз мақсатына жетті.

Толығырақ мәліметті алдағы уақытта “Айғақ” телеарнасынан арнайы өзірленетін деректі

Қырымдағы сапар

Оңтүстікқазақстандық қоғамдық делегация Қырым сапарының сегізінші күнінде осындағы құлдықтан қайраткерлікке көтерілген Бейбарс сұлтанның кезінде салған мешітінде болды. Де-генмен, бүгінде мешіт орны үйінділерге айналған. Сұлтан Бейбарс әлем тарихында ойып тұрып орын алған тарихи тұлға. Бойындағы ерекше айбатының арқасында жаугершілік заманда, бала күнінде Қыпшақ даласынан тұтқынға түскен құлдардың арасында ерекше көзге түсіп, құлдықтан сұлтандыққа дейін көтерілген.

ҚОҒАМДЫҚ ДЕЛЕГАЦИЯ ҚҰЛДЫҚТАН ҚАЙРАТКЕРЛІККЕ КӨТЕРІЛГЕН БЕЙБАРС СҰЛТАН МЕШІТІНДЕ



Суретте: Созақ ауданының Құрметті азаматы Ж.Жүнісұлы Сұлтан Бейбарс салдырған мешіт маңында. Қырым Республикасы.



Суретте: Қырым Республикасындағы тарихи тұлға Сұлтан Бейбарстың салдырған мешітінің көрінісі.

Мемлекет басшысы Н.Назарбаев Бейбарс сұлтан туралы “Ерекше ерлігі, асқан ақылымен құлдықтан хандыққа дейін көтерілген. Египеттей алып елді 17 жыл бойы билеп, монғолдардан крест жорығын бастаушылардан жалпы араб әлемін сақтап қалған біздің ұлы бабамыз Бейбарстың бала кезінде тұтқынға осы Атырау бойынан әкетілгені, өзінің сүйегі осындағы Беріш тайпасынан екенін көптеген тарихшылар кезінде жазып қалдырған. Мен ана жолы Мысыр еліне барғанымда, Бейбарс салдырған мешітте Құран оқыттым. Даңқты бабамызды арабтардың қалай құрмет тұтаты-

нын өз көзіммен көрдім”, деп айтып өткен.

Мысыр сұлтаны Аюби оны өзінің хатшысы етіп тағайындады. Сол кезеңде Бейбарс басқарған Мәмлюк мемлекетінің әскері орта ғасырлардағы екі ірі қолға — “крест жорығы” мен монғол басқыншыларына тойтарыс берді. 1260 жылы Күтіз сұлтан қайтыс болғаннан кейін, Бейбарс таққа отырды.

Мысырда тарихи әдебиет мемлекет басына мәмлюк (қыпшақ) әулетінің келуімен Алтын Ордамен байланыстың нығаюына орай жедел қарқынмен дамыды. Түркі әулеттері, халықтарының тарихи-

географиялық мәліметтерін толық қамтитын энциклопедиялар пайда болды. Мысырда сұлтан Бейбарстың өмір-дерегіне арнап жазған хатшысы Абд-аз-Захирдің тарихи еңбегі дүниеге келді. Бұл еңбекте Алтын ордамен қарым-қатынастар туралы мәліметтер, сонымен бірге Қырымнан Еділге дейінгі аралықтағы қысқаша “жол-сілтеме”, Қырымның тұрғылықты халқы туралы діни, этнографиялық мәліметтер келтіріледі.

Бейбарс тек қана талантты қолбасшы ғана емес, сондай-ақ, көреген саясаткер ретінде танылды. Ол сол кездің көптеген алыс-жақын мемлекеттерімен қарым-қатынас орнатты. Сұлтан аз-Заһир Бейбарс сол дәуірдің озық үлгісімен көптеген зәулім ғимараттар, көрнекті мешіттер, биік қорғандар мен қамалдар салдырды. Соның бірі Қырым жеріндегі осы мешіт болатын. Мәмлюк мемлекетінің төртінші сұлтаны салдырған мешіттердің бірқатары сақталған. Өкінішке орай, Қырымдағы мешіт бүгінде үйіндіге айналған тарихи мекен ретінде қалып отыр.

Қоғамдық делегация құрамында Оңтүстік Қазақстан облысы мәслихатының депутаты Дулат Әбіш, Елбасының курстасы, Оңтүстік Қазақстан облысының “Құрметті азаматы” Марат Қыстаубаев, Созақ ауданының «Құрметті азаматы» Жұмабек Жүнісұлы, еңбек ардагері Махмұдбек Мұхамедов және Шардара ауданының Құрметті азаматы Жанзақ Алибековтер болды.



Суретте: Бейбарыс салдырған мешіт алдында солдан оңға қарай Д.Әбіш, Э.Ильясов, М.Мухамедов.



Суретте: Ескі Қырымдағы Өзбек ханның мешіті.

Оңтүстікқазақстандық қоғамдық делегация арнайы өзірленген бағдарлама аясында

Ескі Қырымның тарихи орындарында да болды. “Ұлы бабалар ізімен...” жобасы аясында жүзеге

ДЕЛЕГАЦИЯ ЕСКІ ҚЫРЫМ ЖЕРІНДЕ ОРНАЛАСҚАН ТАРИХИ ОРЫНДАРМЕН

асып отырған бұл сапарда делегация Өзбек ханның мешітінде болды. Мешіт-Ескі Қырымдағы сақталған мешіттердің ең көнесі.

XIII-XIV ғасырлардағы Қырым қаласы немесе Солхат Алтын Орданың орталығының бірі болды. Сондықтан, бұл жердің бәрі Қырым деп аталды. Бұл саудасы ең бай қала болды. Көп бөлігі армян, грек, итальян сынды христиан-тұрғындардан тұрды. Дегенмен, бұл жердің басқарушылық қызметтерін мұсылмандар атқарды. 1314 жылы Алтын Орданы Өзбек хан басқарған тұста Солхатта мешіт салынды. 1332 жылы оның жанына бай Инжібек-хатунның бас-тамасымен медресе ғимараты да тұрғызылды. Бүгінде медреседен тек үйінділер ғана сақталған, ал мешіт сол күйінде түгел сақталған.

Мешіттің пішіні қарапайым, тіктөртбұрышты.

Мұнарасы біреу ғана, кіреберіс есіктің оң жағында орналасқан. Кіреберіс үлкен есігі мен михраб әдемі ою-өрнектермен және жазулармен безендірілген. Бұл жазулардың арасында мешіттің тұрғызылған уақыты да жазылған.

Тап осы күні Оңтүстік-қазақстандықтар жергілікті көркемсурет училищесі студенттері, яғни болашақ суретшілердің тарихтың қатпар бетінен сыр шертетін, талай ғасырдың куәсі болған Өзбек хан мешітінің көрінісін ақ қағаз бетіне кескіндеп жатқанына куә болды.

Өзбек хан 1280-1341 жылдары аралығында Алтын орда ханы болды. Бату хан әулетінен. Ол билеген тұста Алтын Орда мемлекетінде елеулі өзгерістер орын алған. Алтын Ордада ислам ресми дін болды. Сондай-ақ, Алтын Орда нағыз өрлеу кезеңін бастан кешті,



Суретте: Оңтүстік Қазақстан облысының Құрметті азаматы М.Қыстаубаев пен Созақ ауданының Құрметті азаматы Ж.Жүнісұлы Өзбек хан мешітінің алдында. Қырым Республикасы.

оның саяси-әскери қуаты мен экономикалық дамуы шарықтау шегіне жеткен. Бұл өрлеуді қалалардың өсуінен, халықтардың қатынастары мен сыртқы сауданың, мәдениеттің дамуынан көруге болады. Алтын Орда мәмлүктер билеген Египетпен сауда, мәдени, дипломатиялық байланысын жандандырды.

Қорыта айтқанда, Өзбек ханның тұсында Ал-

тын Орда ислам өркенінің шеңберіне енді. Қырым түбегі мен Солтүстік Кавказда тіпті, бүгінгі Әзірбайжанда да көптеген медреселер мен мешіттер салынды. Орта ғасырлық араб тарихшылары Өзбек ханды “қыпшақ патшасы” деп атады. Өзбек хан 1342 жылы өз ажалынан көз жұмды. Хан өлген соң Алтын Орда тағына ұлы Жәнібек отырды.

Қазақстандық делегация Қырым еліне жасаған сапардың оныншы күнінің бірінші жартысында Ресей Федерациясы Мемлекеттік думаның депутаты Руслан Бальбекпен кездесіп, Қырым түбегіндегі тәулік бойы қызмет көрсететін “Миллет” телеарнасы мен Ветан Седасы радиосы кешенінде қонақта болды. Сондай-ақ, Қырым инженерлік-педагогикалық университетіне барып, өңірде іргесі бой көтеріп жатқан жаңа мешіттің құрылысымен танысты.

РФ Мемлекеттік думаның депутаты Руслан Бальбек Қазақстандық қонақтармен Қырым түбегінде алғаш 24 сағат үздіксіз қызмет көрсететін “Миллет” телеарнасы мен Ветан Седасы радио кешенінде қонақ болды. Небәрі осыдан үш жыл бұрын құрылған жас телеарна болса да, бас қаланың көзі қарақты көрерменнің жүрегінен орын таба білген.



Суретте: Оңтүстікқазақстандықтар Қырым инженерлік-педагогикалық университетінде арнайы ұйымдастырылған конференцияда.

ТҮСІРІЛІМ ТОП ҚЫРЫМДАҒЫ ЖЕТЕКШІ ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРНЫ МЕН ТЕЛЕАРНАСЫНДА ҚОНАҚТА БОЛДЫ

Әріптестерімен журналистика саласының қыр-сырын қозғап, екі сағаттай пікір алмасқан соң қазақстандықтарды Симферопольдің бірегей жоғарғы оқу

орнының басшылары құшақ жая қарсы алды. Университет ұжымы оңтүстікқазақстандық делегация құрметіне арнайы конференция ұйымдастырды. Еркін форматта өткен кездесу барысында оқу орны тарапынан Қазақстанға қандай да бір байланысы бар оқытушыларды шақыртып, пікір алмасып, ой бөлісті.

Қырым инженерлік-педагогикалық университеті 1993 жылы депортацияға ұшыраған халықтың қайта атамекеніне оралуына байланысты құрылған. Ректоры т.ғ.к, доцент Февзи Якубов.

Кездесу қорытындысымен студенттер концерттік бағдарламасын ұсынса, Оңтүстік Қазақстан облысы мәслихатының депутаты, қоғамдық делегация жетекшісі Дулат Әбішпен қазақы дәстүрмен естелік сыйлық табыс етті. Өз кезегінде университет ректоры

ОҢТҮСТІКҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ҚЫРЫМДАҒЫ ЕҢСЕЛІ МЕШІТТІ ҚҰРЫЛЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ



Суретте: Қырым жеріндегі теңдесі жоқ мешіт бой көтеруде

Қазақстандық делегация дәл осы сапардың оныншы күні өңірде іргесі бой көтеріп жатқан жаңа мешіттің құрылысымен танысты. Қазақы қайымағы бұзылмаған Оңтүстік өлкесінің қонақтарын РФ Мемлекеттік думаның депутаты, ұлтаралық қатынастар жөніндегі комитет төрағасының орынбасары Руслан Бальбек арнайы күтіп алды.

Симферопольде ғана емес, бүкіл Қырым жерінде теңдесі жоқ мешіттің құрылысын аралатып, ондағы атқарылып жатқан жұмыстармен таныстырған Қырымның халық қалаулысы: “Бұл мешіт - осындағы мұсылман қауымының басын бір жерге ұйыстырар ерекше рухани тартылыс орны

болады” - дейді. Симферопольдің бас даңғылында орналасқан сәулеті келіскен еңселі кешен кім-кімнің назарын аудартпайды. Көлемі 1800 шаршы метр намазханада бір мезгілде 6000 адам құлшылық ете алады. Азан шақыратын мұнараның биіктігі - 50 метр.

Төбесіндегі алты күмбез келшеkte түнімен үздіксіз жарқырап, Қырым Республикасының астанасы, сәні келіскен Симферопольдің ажарын айшықтай түспек. Тікелей Ресей мемлекетінің президенті Владимир Путиннің назарында тұрған қасиетті орын 2019 жылдың 19 сәуірінде осындағы барша мұсылман қауымының игілігіне беріледі деп жоспарлануда.

Бетті дайындаған: Гүлжан НҰРЛАНҚЫЗЫ.

Шымкент-Қырым-Шымкент.



Суретте: Қоғамдық делегация Қырым түбегіндегі тәулік бойы жұмыс жасайтын «Миллет» телеарнасында қонақта.



Суретте: Ж.ПАРЖАНОВ

шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығының бас ғылыми хатшысы, Оңтүстік-Батыс мал және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының елтірі және биязы жүнді қой шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі болып еңбек еткен. 2012 жылдан осы уақытқа дейін институттың бас ғалым-хатшысы қызметін атқарып келеді.

1989 жылы ауыл шаруашылығы малдарын азықтандыру және мал азығын дайындау технологиясы мамандығы бойынша Бүкілодақтық мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтында (Мәскеу қаласы) «Қаракөлше өндіруде буаз саулықтарды азықтандыруда қоректік метионинді пайдалану жолдары» тақырыбында кандидаттық, «Қаракөл қой өнімдерін өндіру және алғашқы өңдеудің тиімді технологиясының ғылыми

енгізілген.

Профессор Жәнібек Әнуарбекұлы қаракөлше елтірісі тұрпатының қара бояулы қаракөл қойларының тасты тұқымішілік типі, Мойынқұм-Теріскей қаратау популяциясының көгілдір түсті көкшіл реңді қаракөл қойларының құмкент зауыттық типі, қара түсті қаракөлше елтірілі типті қаракөл қойларының тасты тұқымішілік типі, көк түсті көгілдір реңді қаракөл қойларының құмкент зауыттық типі, қоңыр түсті қаракөл қойларын селекциялау тәсілі, жакеттік елтірілік типті қара түсті қаракөл қойларының жомарт зауыттық типі, жалпақ елтірі типінің қара түсті қаракөл қойларының төбелді зауыттық аталық ізі, қоңыр түсті қаракөл қойларының қаратау тұқым-шілік типі, енесінің бауырындағы қара-

тыс мал және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты жанындағы кандидаттық, докторлық диссертация қорғау жөніндегі екі мамандық бойынша кеңестің мүшесі және ғалым-хатшысы қызметтерін атқарған. Оның жетекшілігімен 8 кандидаттық диссертация қорғалған. 422 ғылыми еңбектің, 6 монография: «Көрі қаракөл саулықтарынан ет, жүн және елтірі өндіру технологиясы», «Қаракөлше елтірісін өндіру технологиясы», «Еркек қаракөл тоқтыларын етке дайындау технологиясы», «Селекционно-генетические основы повышения продуктивности тонкорунных овец породы южноказахский меринос», «Инновационные технологии рационального содержания и полноценного кормления овец смушковых пород в пустынной зоне Республики Казахстан», «Инновационные технологии рационального содержания и полноценного кормления грубошерстных овец», 10 өнертапқыш куәлігі мен 27 ұсыныстардың авторы. «Жаршы» журналының ақылдастар алқасының мүшесі.

Паржанов Жәнібек Әнуарбекұлы ауыл шаруашылығы саласын өркендетуге қосқан үлесі үшін облыс әкімінің алғыс хатымен, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің Құрмет грамотасымен, Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2 рет Құрмет грамотасымен марапатталған және «Үздік Ғалым», I дәрежелі «Еңбек Даңқы», Ғылым беру саласындағы ерекше еңбегі үшін «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» белгілерінің иегері. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісімен және ОҚО 2011 жылы 28 желтоқсандағы №222 шешімімен бекітілген «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

Бақытжан ӘЖІБЕКОВ,
Оңтүстік-Батыс мал және

ОТЫРАРДАН ШЫҚҚАН Академик

Паржанов Жәнібек Әнуарбекұлы 1958 жылғы 20 мамырда Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданы Ш. Қалдаяқов атындағы ауылда туған.

1980 жылы В.В. Куйбышев атындағы Самарқанд ауыл шаруашылығы институтының қаракөл шаруашылығы факультетін зоотехник-инженер қаракөлші мамандығы бойынша үздік бітірген. Ғылым, техника және білім саласында Қазақстан Коммунистік Жастар Одағы сыйлығының лауреаты, Отырар ауданының Құрметті азаматы.

Еңбек жолын 1980 жылы Қазақ қаракөл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтында аға лаборант қызметінен бастап, одан кейін кіші ғылыми қызметкер, ғылыми қызметкер, аға ғылыми қызметкер, жетекші ғылыми қызметкер, ғалым-хатшы, бөлім меңгерушісі, творчестволық топ бастығы, Оңтүстік-Батыс ауыл

негіздері» тақырыбында докторлық диссертация қорғаған, зоотехник мамандығы бойынша профессор атағы берілген. Жәнібек Әнуарбекұлы Қытай Халық Республикасы Синзян Ұйғыр автономиясы ауыл шаруашылығы ғылым академиясының құрметті профессоры, Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылық ғылым академиясының академигі.

Оның жетекшілігімен және өзінің тікелей қатысуымен қаракөлше өндіруге арналған көрі саулықтарды семірту жолдары, қозыларды енесінен бөлу және қаракөл елтірісін өндіру мен өңдеу технологиялары терең зерттеліп, шаруашылықтарға ұсыныстар

көл қозыларын күтіп-бағудың тәсілі, қаракөл қозыларын қыс мезгілінде қосымша азықтандыруға арналған құрама азық, ет бағытындағы ордабасы қой тұқымының, қазақтың қылшық жүнді құйрықты қой тұқымының ақбастау зауыттық типінің авторы. Сонымен қатар қара қаракөл қойының төлдегіш қожатоғай типін шығаруға қомақты үлес қосқан ғалым.

Ауылшаруашылығы салалары бойынша облыстық 019 бюджеттік бағдарлама аясындағы бірнеше ғылыми жобаларға жетекшілік жасап, алынған нәтижелер мал шаруашылығы өндірісіне енгізілген.

1997 жылдардан бастап Оңтүстік-Ба-

Жылдың басынан бастап республикада көктемгі-дала және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін «ҚазАгроҚаржы» АҚ аграршыларға 13,6 млрд. теңге сомасындағы 1000 бірліктен астам ауыл шаруашылығы техникасын лизингке табыс етті, - деп хабарлайды «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі.

Бүгінгі таңда «ҚазАгро» ұлттық холдингі құрылымындағы компаниямен 7,2 млрд. теңге сомасына 397 өтінім мақұлданды. Бұдан басқа, 6,2 млрд. теңге сомасына 303 өтінім қаралу үстінде.

Фермерлер мен агроқұрылымдардың арасында «Сенімді фермер» және «Өз жем-шөбіміз» деп аталатын жаңа қаржыландыру бағдарламалары барған сайын жүйелене түсуде. Тек қана соңғы айдың ішінде осы бағдарламалар бойынша 232,7 млн. теңгеге өтінім келіп түскен.

"КАЗАГРОҚАРЖЫ" АҚ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ ТЕХНИКАЛАРЫН ЛИЗИНГКЕ ТАБЫС ЕТУДЕ

Қазіргі уақытта «Сенімді фермер» бағдарламасы бойынша «ҚазАгроҚаржы» АҚ фермерлерге жиынтық құны 105, 8 млн. теңгеге ауыл шаруашылығы техникасын лизингке табыс етті, ал «Өз жем-шөбіміз» бағдарламасы бойынша отандық аграршылар 84,4 млн. теңгеге ауыл шаруашылығы техникасын ендігі лизингке алып та қойған. Өтінімдер әлі де болса қабылданауда.

Естеріңізге сала кетейік, ағымдағы жылдың сәуір айында «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ еншілес компаниясы – «ҚазАгроҚаржы» АҚ азық-түлік желісін кеңейтіп, «Сенімді фермер» және «Өз жем-шөбіміз» деп аталатын арнайы жаңа бағдарламаларын іске қосты, сонымен қатар стандартты қаржы лизингі талаптарына өзгертулер енгізді.

«Сенімді фермер» бағдарламасы ауыл шаруашылығы техникасын лизингке аванстық

төлем төлемей алу мүмкіндігін береді. Бұл бағдарламаны «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның қолданыстағы клиенттерімен қатар, бұрын қаржыландырылған клиенттері де пайдаланып қала алады. Клиенттерге қойылатын жалғыз ғана талап – бұл адал ниетті қарыз алушы өлшемшарттарына сәйкес келу.

«Өз жем-шөбіміз» бағдарламасы бойынша отандық жем-шөп өндірісін дамытуды қаржыландыру жүзеге асырылады. Жаңа бағдарламаның шеңберінде қазақстандық фермерлер қажетті ауыл шаруашылығы техникасын 10 жылға дейінгі мерзіммен, мөлшері 10 % құрайтын төмендетілген аванстық төлеммен сатып алу мүмкіндігіне ие болады.

«ҚазАгро» сарапшылары айтып кеткендей, жаңа бағдарламалардың енгізілуі, «ҚазАгроҚаржы» АҚ азық-түлік желісінің кеңейтілуі, аванстық төлемнің төмендетілуі және қаржыландыру мерзімдерінің



ұлғайтылуы отандық фермерлер үшін ауыл шаруашылығы техникаларына және арнаулы жабдықтарға деген қолжетімділікті арттырады, бұл, өз кезегінде, еліміздің машина-трактор паркін жаңартуға оң нәтиже беретін болады.

Тұтас алғанда, бүгінгі таңда көктемгі-дала және егін жинау жұмыстарын қолдау шеңберінде «ҚазАгро» ұлттық холдингінің желісі бойынша Аграрлық несие корпорациясы арқы-

лы 17.04.2018 ж. жағдайға несиелендіруге 60,0 млрд. теңгеден артық сомаға 2 072 АШТӨ-ден өтінім келіп түсті. Осы уақытқа оның 50,4 млрд. теңгесі игерілген. «ҚазАгро» құрылымындағы тағы да бір компания – «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ «Егінжай» бағдарламасы бойынша 285,5 млн. теңге сомасына 69 АШТӨ қаржыландырды.

Балнұр ЖАНЫСБАЕВА.

ТАУАРЛАРМЕН ЭЛЕКТРОНДЫ САУДА ЖАСАУДЫ

МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Салық кодексінде, интернет арқылы тауарлармен электрондық сауда жасайтын салық төлеушілер үшін корпоративтік табыс салығы мен жеке табыс салығына жаңа жеңілдіктер қарастырылған.

Ол үшін мынадай шарттарды сақтаған кезде:

- тауарларды өткізу жөніндегі мәмілелерді ресімдеу электрондық нысанда жүзеге асырылса;
- тауарлар үшін ақы төлеу қолма-қол емес төлеммен жүргізілсе;

- тауарларды сатып алушыға (алушыға) жеткізетін өз қызметі болса не жүктерді тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтерді, курьерлік немесе пошталық қызметті жүзеге асыратын тұлғалармен келісім-шарттары болған жағдайда;

Аталған жеңілдіктер тауарлармен электрондық сауданы жүзеге асырудан түсетін кірістер жылдық жиынтық кірістің кемінде 90% құраған жағдайда қолданылады. Осы шарттар сақталмаған кезде, салық төлеуші аталған жеңілдіктерді қолдануға құқылы емес.

Жеңілдіктерді пайдалану үшін, тауарлармен электрондық сауда жасайтын тұлға, бірінші кезекте дара кәсіпкер немесе заңды тұлға ретінде тіркеу есебіне тұруы қажет және жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеуші ретінде қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламаны мемлекеттік кірістер органдарына жолдауы тиіс.

Тауарлармен электрондық сауда кезінде тауарларды жөнелтуді, тасымалдауды, жеткізуді жүзеге асыратын тұлғалар салық органының сұрау салуы бойынша мәліметтерді уәкілетті орган бекіткен тәртіппен, мерзімдерде және нысан бойынша ұсынады.

Абай РАЙМҚҰЛОВ,
ОҚО бойынша МҚД,
Түсіндіру жұмыс басқармасының



Еңбекті қорғау ережесін бұзған кезде қандай жауапкершілікке тартылады?

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ Кодексінің 93-б. сәйкес Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының талабына сәйкес өндірістік ұйымдарда еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметінің (маманының) болмауы – ескерту жасауға әкеп соғады. Жұмыс берушінің Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының талабына сәйкес қызметкерлерді міндетті және кезеңдік медициналық қарап тексерулерден және ауысым алдындағы медициналық куәландырудан өткізу жөніндегі талаптарды бұзуы - ескерту жасауға әкеп соғады.

Қызметкерлерді Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының талабына сәйкес, емдік-профилактикалық тағаммен, жеке және ұжымдық қорғану құралдарымен қамтамасыз етпеу – ескерту жасауға әкеп соғады.

Жұмыс берушінің Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының қызметкерлерді оқыту мен даярлықтан, басшылар мен мамандардың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша білімін тексеруден өткізу талаптарын орындамауы – ескерту жасауға әкеп соғады.

Осы баптың бірінші, екінші, үшінші, төртінші бөліктерінде көзделген, ескерту жасалғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер –шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – қырық, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – алпыс, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Жұмыс берушінің Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқама беру (кіріспе нұсқамадан басқа) талаптарын орындамауы және осы құжаттардың болмауы –шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – жиырма, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – отыз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне сексен айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Осы баптың алтыншы бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза

қолданылғаннан кейін, бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер – шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – қырық, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – алпыс, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Көлік құралын мас күйінде басқар- ғаны үшін қандай жауапкершілікке тартылады?



«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ Кодексінің 608-б. сәйкес жүргізушінің көлік құралын алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйде басқаруы, сол сияқты көлік құралын алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйдегі адамның басқаруына беру – көлік құралын басқару құқығынан үш жыл мерзімге айыруға әкеп соғады. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, авариялық жағдай туғызуда әкеп соққан әрекеттер –көлік құралын басқару құқығынан төрт жыл мерзімге айыруға әкеп соғады. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, жөбірленушінің денсаулығына қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері жоқ зиян келтіруге немесе көлік құралдарын, жүктерді, жол құрылыстары мен өзге де құрылыстарды не өзге мүлікті бүлдіруге әкеп соққан әрекеттер – көлік құралын басқару құқығынан бес жыл мерзімге айыруға әкеп соғады.

Осы баптың бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза мерзімі өткеннен кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер – он бес тәулікке әкімшілік қамаққа алуға және алты жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айыруға әкеп соғады.

Осы баптың төртінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза мерзімі өткеннен кейін, бір жыл ішінде қайталап жасалған, осы баптың төртінші бөлігінде көзделген әрекеттер –отыз тәулікке әкімшілік қамаққа алуға және он жыл мерзімге көлік құралдарын басқару құқығынан айыруға әкеп соғады.


Осы баптың бірінші, екінші

және үшінші бөліктерінде көзделген, көлік құралдарын басқару құқығы жоқ адамдар жасаған әрекеттер – жиырма тәулікке әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады.

Осы баптың алтыншы бөлігінде көзделген әкімшілік жаза мерзімі өткеннен кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған, осы баптың алтыншы бөлігінде көзделген әрекеттер – отыз тәулікке әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады.

Осы баптың алтыншы және жетінші бөліктерінде көзделген, осы Кодекстің 50-бабының екінші бөлігіне сәйкес, әкімшілік қамаққа алу қолданылмайтын адамдар жасаған әрекеттер – екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Көлік құралын бас- қару кезінде теле- фонды пайдаланғаны үшін қандай әкімшілік жауапкершілікке тартылады?



«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ Кодексінің 591-б. сәйкес Көлік құралын басқару кезінде жүргізушінің телефонды не радиостанцияны пайдалануы –бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін, бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет – он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескертпе. Көлік құралын басқару кезінде телефонды не радиостанцияны тыңдауышты немесе қатты дауысты байланысты қолдану арқылы пайдалануға рұқсат етіледі.

Белгіленбеген жер- лерде темекі шеккені үшін қандай әкімшілік жауапкершілікке тартылады?

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ Кодексінің 441-б. сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында темекі шегуге тыйым салу белгіленген жекелеген қоғамдық орындарда темекі шегу жеке тұлғаларға үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолда-

нылғаннан кейін, бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет – жеке тұлғаларға алты айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. Жұмыс берушінің темекі шегу үшін арнайы орындар бөлуді көздейтін Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзуы, сондай-ақ, бұл үшін арнайы белгіленбеген орындарда темекі шегушілерге шаралар қолданбауы лауазымды адамға – он, заңды тұлғаларға қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Әкімшілік қамауға алудың ең көп мерзімі қандай?

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ Кодексінің 50-б. сәйкес әкімшілік қамаққа алу - отыз тәулікке дейінгі, ал төтенше жағдайлар режимі талаптарын бұзғаны үшін, қырық бес тәулікке дейінгі мерзімге белгіленеді. Әкімшілік қамаққа алуды судья айрықша жағдайларда осы бөлімнің Ерекше бөлігінде көзделген шектерде тағайындайды.

Жүкті әйелдерге және он төрт жасқа дейінгі балалары бар әйелдерге, он сегіз жасқа толмаған адамдарға, 1 және 2-топтардағы мүгедектерге, сондай-ақ елу сегіз жастан асқан әйелдер мен алпыс үш жастан асқан еркектерге әкімшілік қамаққа алуды қолдануға болмайды.

Әкімшілік ұстап алу мерзімі әкімшілік қамаққа алу мерзіміне қосылады.

Жеке куәліксіз тұр- ғаны үшін қандай әкім- шілік жауапкершілік- ке тартылады?

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ Кодексінің 492-б.1,2,3-т. сәйкес, Қазақстан Республикасы азаматтарының күнтізбелік он күннен үш айға дейінгі мерзімде жеке куәліксіз немесе жарамсыз жеке куәлікпен не тұрғылықты жері бойынша тіркеуден өтпей тұруы – ескерту жасауға әкеп соғады.

Қазақстан Республикасы азаматтарының үш айдан астам мерзімде жеке куәліксіз немесе жарамсыз жеке куәлікпен не тұрғылықты жері бойынша тіркеуден өтпей тұруы - бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет –он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

ЖАС - АЙ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МЕДИЦИНАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ ШЫМКЕНТТЕ



Халықаралық «Жас-ай» медициналық орталығының енді Шымкентте де өз филиалы бар. Медицина ғылымдарының докторы, профессор, академик, ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі, Халықаралық инемен емдеу академиясының академигі, Халықаралық шығармашылық академиясының академигі, Халықаралық Шығыс емдеу академиясының академигі, Вена халықаралық университетінің «Құрметті профессоры», Оксфорд академиялық одағының және Еуропа медицина қауымдастығының докторы әрі құрметті профессоры, БҰҰ-ның Халықаралық Құрмет орденінің иегері, ҚР «Ерен еңбегі» үшін медалінің иегері, Ел Шуақ қоғамдық қайырымдылық қорының құрылтайшысы, 500-ге жуық ғылыми зерттеу мақалалары мен ғылыми еңбектердің авторы, медицина саласы бойынша 2 патенттің иегері, Оксфорд мойындаған қазақ ғалымы Жасан Зекейұлының өзі Сіздерді Шымкент қаласының Бөйдібек би көшесінің бойында орналасқан медицина орталығында күтетін болады. Жасай Зекейұлы негізін қалаған халықаралық Жасай медициналық орталығы 14 жылда 80 мыңнан астам науқасты емдеп, 15 мың науқасқа тегін қызмет көрсетіп,

5 мың отбасына бала сүю бақытын сыйлады. 7 мыңға жуық «сал» ауруымен ауыратын балаларды емдеп жазды. Инсультпен ауырған 4 мыңнан астам адам қайта қалпына келіп, жұмысқа жарады. Айтып келмес түрлі кеселдерден айығуға Жасай медициналық орталығының қызметкерлері Сізге көмектеседі.

Оксфорд мойындаған қазақ ғалымы Жасан Зекейұлының халықаралық «Жасай» медициналық орталығы Шымкентте де ашылды. Жүйке жүйесі мен жүрек-қан тамыр, асқазан-ішек жолдары, зәр шығару жүйесінде ауырсынулар, өйел денсаулығы, тыныс алу жолдары, тері және эндокриндік аурулар Сізді мазаласа, қаймықпаңыз! Құлағыңыз нашар естіп, көру қабілетіңіз төмендесе, темекі мен алкогольден бас тарта алмай жүрсеңіз, инетерапиясы Сізге көмектеседі. Жасаймен бірге денсаулығымызды түзейік!

80 мыңнан астам науқасты емдеп, 15 мыңға жуық келушіге тегін қызмет көрсетіп, 5 мың отбасына бала сүю бақытын сыйлаған «Жасай» медициналық орталығы 7 мыңнан асатын «сал» ауруымен ауыратын балаларды да емдеп жазса, инсультпен ауырған 4 мыңнан астам адам қайта қалпына келді.

МӘМС ЖҮЙЕСІ 2020 ЖЫЛДЫН 1 ҚАНТАРЫНА ШЕГЕРІЛУІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЖАРНА ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

Жеке кәсіпкерлер 2018-2019 жылдары ЖК ретінде өзі үшін жарна төлемейді. Бірақ, жұмыс беруші ретінде қарамағындағы жұмыскерлердің атына жарна аударуды тоқтатпайды (2018-2019 жылдары - 1,5 % 2020 жылдан бастап-2%)

Жұмыс беруші жалдамалы жұмыскерлердің табысын алынатын жарнаны ұстап, қорға аударып отырады (2020 жылы - 1%, 2021 жылы- 2%).

Жеңілдігі бар санаттар үшін жарнаны мемлекет төлейді - 2020 жылы мемлекеттік статистика органы тарапынан өткен екі жылға бекітілген орташа айлық жалақының 4% («Міндетті медициналық сақтандыру туралы» Заңның 26 2,3- тармақтары бойынша).

Жоғарыда аталған санаттарға жатпайтын тұлғалар 2020 жылдан бастап бір ең төменгі жалақының 5 -%ы көлемінде жарна аударады.

Н.ДӘУРЕНБЕКОВА,
№4 Шымкент қалалық емханасының
сарапшы дәрігері

Өтте тас байланудың механизмі біршама күрделі, бұл жөнінде медицина саласының ғалымдары Әлі де бір ортақ қорытындыға келген жоқ. Дегенмен, медициналық зерттеулердің көбі өтте тас байланған тастың нағыз тас емес екенін айтады. Қарапайым адамдар өт қалтасына байланған тасты ас қорыту жолдары арқылы келген өт жолын бекітіп тұрған қиыршық тас немесе ұсақ құм деп



ӨТ ЖОЛЫНА ТАС БАЙЛАНУ НАҚТЫ ҚАНДАЙ ДЕРТ?

Өт қалтасына неліктен тас байланады? Ол расында тас па?

Негізі бұл жағдай өт сұйықтығының құрамында өзгеріс болуы себебінен пайда болады. Өтте лецитин тұзы азайып немесе холестерин құрамы артып, бұлардың өзара салыстырмасы 1:13-тен төмендегенде холестерин жиналып бірігеді де, өтке тас сияқты қатып байлана бастайды. Өтке тас байланудың тағы бір себебі-өт жолының түрлі себептері - өт жолының түрлі микробтар мен жұғымдалуы. Әсіресе, өт жолындағы жұмыр құрттар әсерінен болған микробтардың өт сұйықтығының ағу бағытына қарсы жұғымдалуы өтке тасты тез байлайды. Жалпы, өтке тастың тез байлану өт сұйықтығының бөтелуі, өт жүйесінің микробтармен жұғымдалуы әсерінен жиі болады.

Өт қалтасына байланған тастың өт қалтасы қабынуымен қандай қатысы бар?

Әдетте, өтіне тас байланған науқасты В типтегі ультрадыбысты толқынды аспаппен тексергенде, олардың көбінің өт қалтасының бүйірінен қызарып қабынған өзгерісті байқауға болады. Клиникада диагноз қою барысында өтке тас байлану мен өт қалтасының созылмалы қабынуы бірге байқалады. Өт қалтасының қабынуы-өт тасының қалыптасуын тездетеді. Ал, байланған тас өт қалтасын тітіркендіріп, өт қалтасының қабынуын тудырады. Осы жағдай әсерінен өт сұйықтығының дұрыс айналымы бұзылады, дерт асқына береді. Сондықтан, науқас бірден дәрігердің көмегіне жүгінгені жөн.

Негізгі өт қалтасы қабынған кезде, өт қалтасының бүйірлеріндегі жасушалар қабыну сипатында өлеттен бастайды, нәтижесінде, бұзылып ажыраған ұлпалар мен жасушалардың өлеттенген қалдықтары және өзге де бактериялар жиналып, тас байлану барысын қалыптастырады. Қабыну болған кезде сау тін-жасушаларға қабынған клеткалар сіну әсерінен ісінеді, жалқақ көбейеді.

Осы іріңді сұйықтықтың ішіндегі қантты белок (глокопротеин) тас байлануды тіпті де, жеделдетеді. Қалыптасқан өт тасы өт қалтасының бүйірлерін тітіркендіреді, әсіресе, тас өт түтігіне кептелгенде. Мұндай механикалық зақымдаудың әсері тіпті, ауыр болады. Өт қалтасы зақымдалғанда, өт қалтасы бүйіріндегі кілегей қабық қорғау қабілетінен айырылады. Сонымен, оттегі химиялық құрамдары өт қалтасының бүйірлеріне оңай сіңіп кіреді, нәтижесінде химиялық зақымдалу пайда болып, зақымдалған өт қалтасының бүйірлері бактерияның өсіп-өрбуіне тиімді орта туғызады, осыдан барып қабыну, өт жолының жұғымдалуы пайда болады.

Аурудың алғашқы белгілері

Құрсақ тұсының ауруы - өт қалтасы жедел қабынуының басты белгісі. Бұдан сырт, жүрегі айну, құсу, тоңу, қалтырау, қызу, тіпті сарғаю секілді қосымша белгілерде болады. 85-90 пайыз науқас алдымен жүрегі айнып, құсады. Құсқан кезде көбіне жеген нәрселерін немесе көк жалқақ запран құсса, артынан асқазаны ауырса, бұл рефлексік құсу делінеді. Жеңіл дәрежеде құсқандар ауру азабына төзе алады. Ал, жиі-жиі, дамылсыз құсатын науқастарды сұйықтық құю арқылы емдеу қажет. Аурудың алғашқы кезеңінде науқастың дене қызуы көтерілмейді, дерт басталып 24-58 сағат өткенде дене қызуы баяу болмаса, орташа қыза бастайды. Температураның қатты қызу жағдайы аз ұшырайды. Аздап тоңып немесе қалтырауы мүмкін.

Науқастың оң жақ иығы (оң жақ жауырын тұсы) тартып ауыра бастаса, өт қалтасы қабынуының басты белгісі болуы мүмкін. Себебі, өт жедел қабынғанда, қабыну оң жақ диафрагма (көк ет) нерв ұштарын тітіркендіріп, оң жақ иық бөлігінің терісінде

рефлексік ауырған сезім пайда қылады. Диафрагма нервтері иық бөлігінің терілеріне таралған. Диафрагма нервтері ұшының қозуы диафрагма нервтері арқылы нерв түйініне жеткенде, оң жақ иық бөлігі терісіне таралған сезім нерв талшықтарына ықпал жасайды. Сонымен, үлкен ми қыртысында жаңсақ сезім пайда болып, оң жақ иық тың сырты ауырып жатқандай сезіледі. Қабыну құрсақ пердесіне жайылғанда, құрсақ бүйіріндегі шеткі нервтерді, яғни жұлын нервтерінің оң жақ қабырғалары арасындағы нервті тітіркендіреді.

Қабырға тұсында болатын нервтер, қабырғааралық алдыңғы

нервтер және кейінгі тармақ нерв болып екіге бөлінеді. Соның ішінде оң жақ -қабырғааралық нервтің алдыңғы тарамы құрсақ бүйіріндегі өт қалтасы аумағына таралады. Өт қалтасы қабынуы құрсақ істі пердесін тітіркендіргенде, оң жақ құрсақ бөлігі қатты ауырады. Мұндай күшті тітіркену ұқсас бір нервтің кейінгі тармағына әсер еткенде, кейінгі тармақ таралған оң жақ иық тың тұсы (жауырын асты бөлігі) сіресіп ауырады.

Әдетте, өт қалтасының созылмалы қабынуы «тас байлану сипаты» және «тас байланбау сипаты» деп те бөлінеді. Тас байлану болмаған қабынуда, өт шаншуы сирек болады. Ал, тас байлануы себепті қабынғанда өт шаншуы үнемі ұстайды. Бұл екеуінің басқа белгілері онша типтік болмайды. Көбінесе құрсақтың оң жақ жоғары бөлігі немесе құрсақтың үстіңгі бөлігі ұқсамаған дәрежеде бұрап не шаншуы ауырады. Оған қоса ас қорытуы жақсы болмайды. Яғни, тамақтан кейін құрсақтың оң жақ үсті кепкендей сезіледі, кекіреді, ықылық атады, жүрегі айнып, құсады. Майлы тағам жесе, шаршаса, ауру белгілері күшейеді де, асқазан ауруына ұқсап кетеді. Сол себепті, көптеген науқастар ұзақ уақыт асқазан ауруы, он екі елі ішек жарасы, бауыр қабынуы сияқты дерттерге шалдықтым деп қате емделеді де, ауруын асқындырып алады. Сол үшін білікті дәрігерге қаралғаныңыз дұрыс. Тәжірибелі дәрігерлер әдетте, мұндай ауру белгілерін бір-бірімен шатастырмайды. Нақты қойылған диагноз - дертіңізден тез айығудың басты шарты болғандықтан, дәрігерді дұрыс таңдаңыз. Болмаса, оң жақ құрсақ үсті ауыратын науқастар, әсіресе, ұзақ уақыт асқазан ауруы сияқты ауру деп емделсе де, сауықпағандар дер кезінде В типті ультрадыбысты

Түркия Республикасының астанасы- Анкара қаласындағы Йылдырым Баязит атындағы Халықаралық университетінде «Өзірет Сұлтан» мемлекеттік

Анкарада

«ЯССАУИ МҰРАЛАРЫ ЖӘНЕ ТҮРКІСТАН» КӨРМЕСІ АШЫЛДЫ

тарихи-мәдени қорық-музейінің «Яссауи мұралары және Түркістан» көрмесі ашылды.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы: «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын іске асыруға бағытталған тарихи шараға Қазақстанның Түркиядағы Елшілігінің өкілдері мен ТҮРКСОЙ Халықаралық Ұйымы бас хатшысының орынбасары Фырат Пурташ, Йылдырым Баязит атындағы Халықаралық университетінің басшылары мен оқытушылар және студенттер, бұқаралық ақпарат құралдары қатысып, ісі мұсылман баласын бас игізген Қожа Ахмет Яссауи мен ер түріктің бесігі атанған Түркістан жайындағы құнды деректермен танысып, ыстық ықыластарын жеткізді.

«Түркия Республикасының бірнеше қалаларында «Өзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің көрме-



сін ұйымдастырудамыз. Бастаманың мақсаты-шетел халқына елімізді, мәдениетімізді таныту. Таныта отырып, туристер санын ұлғайту болып табылады. ЮНЕСКО-ның Әлемдік мұралар тізіміне енген Қожа Ахмет Яссауи кесенесі мен Оңтүстік Қазақстан облысының киелі орындары бейнеленген туындылар мен құнды жәдігерлер барша келушілердің ерекше назарын аударуда. Қасиетті,

киелі жерлерімізге халықтың құрметі жоғары»-дейді, қорық-музей басшысы Ахметжанов Нұрболат Қадырұлы.

Салтанатты шара аясында лентасы қиылған көрмеге Қожа Ахмет Яссауидің және Құл Азимнің хикметтері, шамамен 1845 жылдары жазылған, 326 беттен тұратын Қожа Ахмет Яссауидің «Диу-ани Хикмет» кітабының түпнұсқасы, С.Бақырганидың «Диуан» жазбасы,



Яссауи хикметтеріне ұқсас парсы тілінде жазылған Әулие Биделдің «Диуани Бидел» хикметтері, шамамен ХҮІІІ ғ. аяғында түркі тілінде жазылған «Диуани Хикметтен» кейінгі Яссауиге қатысты құнды кітап-Бұстан уль-Мухиббин қолжазбасы мен көптеген құнды жәдігерлер жеткізілген.

Сондай-ақ, Қожа Ахмет Яссауи және Түркістан жайындағы суреттермен қатар Оңтүстік Қазақстан облысының тарихи, киелі орындарын бейнелейтін

100-ден аса туындылар қойылған.

ТҮРКСОЙ Халықаралық Ұйымының ұйымдастыруымен «Кастамону-Түркі әлемінің мәдени астанасы» жылы және «Өзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейіне 40 жыл толуына орай ұйымдастырылған көрме Түркия Республикасының Кастамону, Анкара қалаларында ашылып, түбі бір түркі жұртының назарына ұсынылса, алдағы күндері Бурса қаласында жалғасын табады.

Оңтүстікте ӨЗБЕКСТАННЫҢ МӘДЕНИ КҮНДЕРІ БАСТАЛДЫ



Облыстық мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының ұйымдастыруымен ағымдағы жылдың 10-14 мамыр күндері аралығында Қазақстандағы Өзбекстан Республикасының жылына орай Өзбек ұлттық академиялық драма театрының Оңтүстік Қазақстан облысында гастрольдік іссапары бастау алды. Аталған жыл аясында өңірімізге келген өзбекстандық өнер ұжымы Оңтүстік Қазақстан облыстық орыс драма театрында Эркин Хушвақтовтың «Көңіл» комедиясын сахналады.

Қос елдің мәдени байланысын нығайтуға арналған шараның ашылу салтанатына Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Сәдібеков Ұласбек Сәдібекұлы қатысып, облыс басшысы Түймебаев Жансейіт Қансейітұлының арнайы құттықтауын жеткізіп, ізгі ниетін білдірді.

Осы орайда, Өзбек ұлттық академиялық драма театрының директоры, Өзбекстан Республикасына қызмет көрсеткен әртіс, «Мехмат-Шухрат» орденінің иегері Масудов Фатхулла Хусанұлы да көрші елдер арасындағы байланыс пен мәдени қарым-қатынастың беріктігін сөз етті.

Шараға өңіріміздегі мәдениет және өнер мекемелерінің басшылары мен қызметкерлері, БАҚ өкілдері қатысты.

Тәуелсіздік алғалы бері тіл саясаты жүргізілуде. Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мен тілге деген құрметті арттыру мақсатында көптеген мемлекеттік бағдарламалар мен іс – шаралар ұйымдастырылуда. Нәтижелері де аз емес. Алайда, жастар арасында, кейбір мекемелерде қазақ тілінің жайы ақсап тұр. Соны көріп, жүрегің қан жылайды. Бір жағынан, әлі күнге дейін орыс тілінің ырқынан шыға алмай жүргендігімізден болар. Расында, қазақ халқының басында талай қиын нәубет, зұлматтың, қайғылы

ТІЛГЕ ҚҰРМЕТ, ЕЛГЕ ҚҰРМЕТ

күндердің болғаны тарихтан белгілі.

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев: «Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторы болып табылатын қазақ тілінің одан әрі дамуы үшін, барлық күш-жігерімізді салуымыз керек. Сонымен бірге елімізде тұратын барлық халықтардың өкілдері ана тілдерінде еркін сөйлей, оқи алуына, оны дамытуға қолайлы жағдай тудыру қажет»,

деп атап көрсеткен болатын. Тіл тағдырын толғану - әрбір қазақстандықтың абыройлы борышы.

Қазақстан Республикасында қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қызмет етуінің бірнеше алғы шарты бар. Атап айтқанда, сол тілді қолданушылардың санының жеткілікті болуы, табиғи және табиғи емес тілдік ортаның болуы, республиканың барлық аймақтарына таралуы, қоғамдық өмірдің әр

алуан саласында қызмет етуі және ауызша әрі жазбаша түрде қызмет етуі сияқты сыртқы факторлардың болуы, сондай-ақ қазақ тілінің құрылым-жүйесі жетілген, лексика-фразеологиялық қоры аса бай, ежелден келе жатқан жазба және ауызша дәстүрі бар ұлттық тілдердің бірі ретіндегі ішкі тілдік факторлардың болуы – қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қызмет етуіне мүмкіндік береді.

Н.АБДУКАРИМОВ,

ИЧ 167/11 мекемесінің режим және күзет бөлімінің

МҰРАЖАЙ ІСІ КЕҢ КӨЛЕМДЕ ДӘРІПТЕЛДІ

Түркістан қаласындағы «Өзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінде Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейінің «Ортағасырлық Тараздың құйма керамикасы» атты жылжымалы көрмесінің салтанаты ашылуы өтті.

Көрменің мақсаты - өңірлер арасындағы мәдени байланыстарды нығайту және мұражайлар ісін дәріптеу, Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейі қорындағы құнды жәдігерлерді насихаттау. Аталған шараға Түркістан қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Ж.Ибрагимов, «Өзірет Сұлтан» қорық-музейі директорының орынбасары С.Үркімбаев, Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры Г.Ембердиева, бұқаралық ақпарат құралдары мен қала қонақтары және

музей қызметкерлері қатысты.

Көрме барысында Түркістан қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Ж.Ибрагимов Жамбыл облысынан келген қонақтарға ыстық ықыласын білдіріп, қала әкімінің атынан алғыс хат табыстады. «Өзірет Сұлтан» қорық-музейінің директорының орынбасары С.Үркімбаев көрменің маңыздылығына тоқтала келе, музейлер арасындағы қарым-қатынастың одан әрі дамуына тілектестігін білдіріп, қонақтарға алғыс хат, көдесыйлар мен музейдің баспа өнімдерін сыйға тартты. Сонымен қатар, Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры Г.Ембердиева Жамбыл облысының тарихи тұлғалары, рухани мұраға толы өлке екендігін айта келе, «Өзірет Сұлтан» қорық-музейінің ұжымына өз алғысын жеткізді.

Көрмеге Тараз қаласының және ау-

дандарындағы археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде табылған 70-ке жуық жәдігерлер қойылды. Олардың ішінде ортағасырлық тұрмыста түрлі мақсатта қолданылған күйдірілген, күйдірілмеген, жалатпалы қыш ыдыстар, үлкенді-кішілі шырағандар, хош иісті өгірлер мен дәрілік заттар, сынаптарды сақтайтын жұмыр тастар мен майшамдар, түрлі ою-өрнек түсірілген төрелкелер, жинақ сандықшасы, сыйымдылығы әр түрлі астық, сұйықтық сақтайтын хумдар, саптыаяқтар және қоладан жасалған бұйымдар қызықты және қайталанбас Тараз бишісінің және Будда құдайының мүсіндері, ортағасырдың сәулет ескерткішінің інжу-маржаны болған Айша-Бибі кесенесінің кірпіштері халық назарына ұсынылады.

Айта кетерлігі, аталған көрме Түркістан қаласында бір айға жалғасады.

«ҰЛЫ ЖЕҢІС - ӨШПЕС ӨНЕГЕ»



№129 жалпы орта мектебінде «Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды» деген тақырыппен қағиданы ұстана отырып, жас ұрпақты тарихымызды тереңнен тануға баулу. Ардагерлерімізге деген құрметіміз, соғыстағы жеңістің бізге қалай келгенін ұғыну, қаза тапқандарды қадір тұтып, арамызда жүрген ардагерлерімізге қамқорлық көрсету мақсатында ОҚО әскери ардагерлер қоғамы төрағасының орынбасары запастағы 2-ші рангтағы теңіз авиациясы капитаны Шамил Тазудинов, ОҚО Білім департаментінің АӘД кабинеті бөлім бастығының орынбасары Ұласбек Тұтқышбаев, №35748 әскери бөлімі командирінің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары полковник Райымбай Халмуратов, Ауған соғысы ардагері, «Қызыл Жұлдыз» орден иегері Нұрбек Жүнісбековтің қатысуымен 7 Мамыр Отан қорғаушылар күні және 9 Мамыр Ұлы Жеңіс мерекесіне орай ұйымдастырылған «Ұлы Жеңіс – өшпес өнеге» атты кездесу кеш болды.

Осы іс-шарада келген қонақтар мен мектеп ұжымын мектеп директоры Алматов Галымжан Бауыржанұлы Тәуелсіздік тұғырының берік қамалы осынау Жеңістің белгісі деп, мейрамдарымен құттықтап, оқушыларды алғыс хаттармен марапаттады.

Тәуелсіздік алғалы Қазақстанның қарулы күштері құрылды. Ер-азамат үшін туған елдің тыныштығын күзетуден асқан абырой болмас. Туған елі мен жерін қорғау-ерлердің міндеті. Сондықтан, әрбір азамат Отанын қорғауға дайын болу керек. Бүгінгі жастар – ертеңгі Отан қорғаушы азаматтар.

Ал, Ұлы Жеңіс күні барлығымыз үшін мейрам. Жеңіс жалауының желбірегеніне де биыл – 73 жыл толып отыр. Тәуелсіздік тұғырының берік, бірлігіміздің бұзылмас қамалы осы ардагерлеріміздің ерлігінің жарқын көрінісі. Өткен күн тарих болып қалады. Бірақ, соғыс зардабы ешқашан ұмытылмайды. Ел алдындағы борыштарын өтеп, еліміздің амандығын, жеріміздің тұтастығын қорғап қалған ерлерге тағзым етеміз.

Ақкыс АЗИМБЕКОВА,
№129 жалпы орта мектебінің кітапхана меңгерушісі.



Шымкент қалалық, Әл-Фараби атындағы №113 мектебінің 8-В сынып оқушыларына «Абай-дана, Абай-дара» деген тақырыппен ашық тәрбие сағаты өтті. Сабақтың мақсаты, Ұлы ақынның өнегелі өмірін таныстыру, шығармаларына шолу жасау, өлеңдерін, әндерін мөнерлеп айтқызу. Сондай-ақ, көркем сөйлеуге, өз бетімен іздене білуге, шығармашылықпен

жұмыс істеуге көмектесу.

Қазақты тану үшін, Абайды оқу қажет, ал Абайды түсіну үшін азамат болуы шарт. Абайды тану - қазақтың өзін-өзі тануының, басы да, соңы да! Абайды тану - Абай айтқан сындардан толық қорытынды шығару деп білеміз. Айдай анық нәрсе, Абай ақын ғана емес, ол өлеңдері арқылы өз халқының төрдегі басын есікке сүйреп келген, басты мінде-

АБАЙ-дана, дара

рін батыл көрсетіп берген тұңғыш дана сыншымыз да! Өкінішке орай, Абайдың сол әлеуметтік-философиялық өткір сындарын сындарлы сынды қабылдау мәдениетіміздің төмендігі салдарынан өлі күнге толық қабылдап - толыққанды қорытынды шығара алмай жүргенімізді жасырғанмен, бәрібір ол кемшіліктен арыла алмаймыз ғой. ...

*Біріңді қазақ бірің дос,
Көрмесен істің бәрі бос.
Малыңды жауға,
Басыңды дауға,
Қор қылма, қорға,
татулас...*

Кешегі ауыр да күңгірт заманда жалын боп жанып

өткен Абайдың осы мұрасы туған халқы үшін ешқашан да сарқылмайды. Абай туған елін қанша сүйсе, елі үшін күңіреніп, тебіренсе, бүгінгі ұрпақ оны сонша құрметпен сүйіп отыр. Абайдың көзі тірісінде жетпеген арманына біздің заманымыз жетіп отыр. Өйткені, бүгінгі ұрпақ көзі ашық, ғылымға, білімге, өнерге құмар. Абай атамyzдың «Атаңның баласы болма, адамның баласы бол» деген өсиетін кө-кіректе нық сақтайық.

Д.МАХАМЕТОВА,
Шымкент қалалық, Әл-Фараби атындағы №113 мектебінің 8 «В» сынып мұғалімі.

БІРЕГЕЙ БІЛІМ ОРДАСЫ

Ірге тасы 1956 жылы қысқа мерзімді механизаторлар училищесі болып қаланып, 1965 жылы кәсіптік-техникалық училище болып өзгертілген. Бірнеше рет атауы ауысқан білім ордасы кәсіптік білім беретін мекемеге айналған.

Бүгін де, Оңтүстік Қазақстан облысы №15 колледж мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны базасында Фермер шаруашылығы, Автокөліктерге техникалық қызмет көрсету, жөндеу және бағдарламалық қамтамасыз ету және Ішкі санитарлық-техникалық құрылыстарды, желдеткіштерді және инженерлік жүйелерді пайдалану, Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу бойынша мамандар даярлайды. Мұнда білікті де тәжірибелі мамандар дәріс беріп, жастардың бойына

патриоттық тәрбие беруде. Колледж қабырғасында жастардың азамат болып қалыптасуына, әскери-патриоттық және рухани адамгершілік тәрбие беруге жағдайлар жасауда. Сонымен қатар, білім алушылардың сабақтан тыс уақытта спорттық, пәндік және көркемөнерпаздар үйірмелері үздіксіз жұмыс жасайды.

Студенттер арасында (кіші футбол, волейбол, баскетбол) сынды спорт түрлерінен лига жарыстар ұйымдастырылып тұрады.

Кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатында Мақтаарал АІПБ-сы І-ІПБ-нің колледждің аға полиция инспекторы Е.Талипов жастардың тәлім-тәрбиесін нығайту, нашақорлыққа жол бермеу және

де жастар арасында қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу мәселелері бойынша дәрістер өткізеді.

Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында «Алтын қазына» тақырыбында сәндік-қолданбалы шығармашылық көрме байқауы өтті.

Іргелі білім ордасының бағындырған белестері де аз емес, соның бірегейі Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында облыстағы колледждер арасында өткен «Тұғыры биік-Тәуелсіздік» атты жарыста жеңіс төрінен көрінді.

Колледжде оқу-әдістемелік жұмыстары ҚР жалпыға міндетті мемлекеттік білім стандартына сәйкес мамандықтар даярлауды қолып, жүйелі жұмыстар атқаруда.

Дүйсенғали КЕНЖАЕВ,
Мақтаарал аудандық №15 колледж директоры.

Хабарландыру

«Қазақ әуендерінің орындаушылары» РҚБ-нің атқарған қызмет нәтижесімен жиналған сыйақылар сабақтас құқықтар объектілерінің субъектілеріне бөлінді.

Егер, орындаушысы немесе фонограмма шығарушысы немесе құқықиеленушісі болып және сыйақы алуға құқылы болсаңыз, онда өзіңіздің атыңызға бөлінген сыйақы көлемі туралы мәліметті Бірлестіктің есеп бөлімінен немесе электрондық адресінен біле аласыз.

Бірлестіктің орналасқан мекенжайына келу арқылы бөлінген сыйақыны қолма-қол алуға болады. Сонымен бірге, міндетті түрде жеке басыңызды куәландыратын құжат пен орындаушылыққа немесе фонограммаға құқығыңызды дәлелдейтін құжат болуы қажет екендігін мәлімдейміз.

Бөлінген сыйақыны банктер арқылы алу үшін, аталған

Бірлестіктің мекен жайы: ҚР, ОҚО, Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Қайтпас м/а, Амангелді көшесі 22 үйі,

Тел./факс: 8-7252-49-31-81

Толық мәлімет:
roo-ikp.kz сайтында

Объявление

По результатам деятельности РОО «Исполнители казахских песен» собранные вознаграждения распределены субъектам объектов смежных прав.

Если, являетесь исполнителем, производителем фонограмм или правообладателем объектов смежных прав и имеете право получить распределенное вознаграждение, то можете узнать об объеме распределенных вознаграждений с отдела бухгалтерии или электронного адреса Общества.

Обратившись лично в Общество можно получить распределенное вознаграждение. При этом, необходимо иметь документ удостоверяющий личность и документ подтверждающий право на исполнение или фонограмму.

Для получения распределенного вознаграждения через расчетный счет, кроме указанных документов нужен документ

Место нахождения Общества: РК, ЮКО, город Шымкент, Каратауский район, мкр.Кайтпас, ул.Амангельды дом 22

Ф а к с / т е л е -

Подробная информация
на сайте: roo-ikp.kz

Хабарландыру

«Авторлар әндерінің одағы» БҚБ-нің атқарған қызмет нәтижесімен жиналған сыйақылар авторларға бөлінді.

Егер, туындының авторы немесе құқықиеленушісі болып және сыйақы алуға құқылы болсаңыз, онда өзіңіздің атыңызға бөлінген сыйақы көлемі туралы мәліметті Бірлестіктің есеп бөлімінен немесе электрондық адресінен біле аласыз.

Бірлестіктің орналасқан мекенжайына келу арқылы бөлінген сыйақыны қолма-қол алуға болады. Сонымен бірге, міндетті түрде жеке басыңызды куәландыратын құжат пен туындыға құқығыңызды дәлелдейтін құжат болуы қажет екендігін мәлімдейміз.

Бөлінген сыйақыны банк арқылы алу үшін, аталған құжаттардан бөлек 20 таңбалы мәліметі бар есеп-шотыңыз туралы құжат қажет.

Бірлестіктің мекен жайы: ҚР, ОҚО, Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Қайтпас м/а, Амангелді көшесі 22 үйі,

Тел./факс: 8-7252-49-31-81

Толық мәлімет:
roo-sap.kz сайтында

Объявление

По результатам деятельности РОО «Союз авторов песен» собранные вознаграждения распределены авторам произведения.

Если, являетесь автором произведения или правообладателем и имеете право получить распределенное вознаграждение, то можете узнать об объеме распределенных вознаграждений с отдела бухгалтерии или электронного адреса Общества.

Обратившись лично в Общество можно получить распределенное вознаграждение. При этом, необходимо иметь документ удостоверяющий личность и документ подтверждающий право на произведение.

Для получения распределенного вознаграждения через банк, кроме указанных документов нужен документ с 20 значным номером банковского расчетного счета.

Место нахождения Общества: РК, ЮКО, город Шымкент, Каратауский район, мкр.Кайтпас, ул.Амангельды дом 22

Ф а к с / т е л е -

Подробная информация
на сайте: roo-sap.kz

МАРКИРОВКА МЕХОВЫХ ИЗДЕЛИЙ

С 11 января 2018 года при импорте меховых изделий из третьих стран, необходимо маркировать меховые изделия, как «импорт» с обязательным указанием сведений указанных в деклараций на товары.

Вместе с тем, сообщаем, что согласно пункту 31 Правил реализации пилотного проекта утвержденных Совместным приказом, при ввозе в Республика Казахстан товаров, включенных в Перечень с территории государств, не являющихся членами ЕАЭС, юридические лица и индивидуальные предприниматели обеспечивают маркировку указанных товаров после помещения под таможенную процедуру и совершения таможенных операций, связанных с таможенной очисткой. При этом юридические лица и индивидуальные предприниматели осуществляют маркировку товаров, включенных в Перечень, в теченных 30 (тридцати) календарных дней с даты помещения товаров под таможенную процедуру.

При этом, в соответствии с пунктом 23 Правил реализации пилотного проекта, при ввозе товаров, включенных в Перечень, юридические лица и индивидуальные предприниматели с момента помещения под таможенную процедуру и совершения таможенных операций, связанных с таможенной очисткой, не позднее 2 (двух) рабочих дней оформляют Заявку на персонализацию.

Совместным приказом Министерствами финансов, по инвестициям и развтию, информации и коммуникаций, национальной экономики Республика Казахстан по согласованию с Национальным Банком Республики Казахстан и Национальной палатой предпринимателей Республики, национальной экономики Республики Казахстан по согласованию с Национальным Банком Республики Казахстан и Национальной палатой

предпринимателей Республики Казахстан «Атамекен» утверждены Правила реализации пилотного проекта по введению маркировки товаров контрольными (идентификационными) знаками по товарной позиции «Предметы одежды, принадлежности к одежде и прочие изделия из натурального меха».

В данный перечень входит следующие товары: Код ТН ВЭД ЕАЭС Наименование товара 4303109010 предметы одежды из норки 4303 10 9020 предметы одежды из нутрии 4303109030 предметы одежды из песца или лисицы 4303109040 предметы одежды из кролика или зайца 4303109050 предметы одежды из енота 4303109060 предметы одежды из овчины 4303109080 предметы одежды прочие Теперь предприниматели обязаны продавать меховое изделия только аосле нанесение на них контрольных (идентификационных) знаков, в том числе при продаже/ предпродаже меховых изделий от импорта производства до конечной реализации. Данная норма способствует выравнию конкурентных условий ведения бизнеса, защищает рынок от нелегальной продукции и обеспечивает соблюдение прав на интеллектуальную собственность.

Также информируем предпринимателей о необходимости заключения договора с Ассоциацией GS1 Kazakhstan (http:// gs1.kz) и с Эмитентом второго уровня TOO«ISKERAKPARAT») в информационной системе «Маркировка товаров» (http://markirovka.gov.kz) для получения контрольных (идентификационных) знаков (ознакомьтесь с пошаговой инструкцией).

А.МЕЙРБЕКОВА,
Главный специалист управления
государственных доходов по Каратаускому

УАҚЫТТЫ ҚАЛАЙ ТИІМДІ ҚОЛДАНУҒА БОЛАДЫ?

Уақыт. Біз уақытты дұрыс қолдана алмаймыз. Біз оны тек жоғалтуға ғана бармыз. Әрқайсымыз сәткесіне 24 сағат аламыз, бірақ бұл уақытта барлық өздерінің ойлаған нәрселеріне үлгеретін адамдар да болады. Уақыттың шығындалуын үнемдейтін бірнеше әдістерді қолданып көріңіз:

1. Жұмыс тізімін құрыңыз. Оған ең қажетті істейтін нәрселеріңізді белгілеңіз. Сіз қаншалықты алға жылжыдыңыз, бұл таңдануға жағымды әсер болатынын мұқият белгілеңіз.

2. Барлық жұмыстарды сапасы бойынша іріктеніз: ең бастысы – бірінші кезекте нені істеу керек, шағын бағдарды тезірек, нақты, соңына дейін бос уақытта орындау қажет. Келесі схема бойынша уақытты қалай үнемдеу керектігін көресіз.

3. Артық уәде беруден аулақ болыңыз. Өзіңіздің істей алу мүмкіндігіңізге байланысты бос уақытты қалай тиімді өткізуге болады, бір жағынан қарапайым істі орындауға қанша уақыт жұмсайсыз.

4. Белсенді және өнімді іс-әрекетіңіз арасындағы айырмашылықтарды айыра біліңіз. Белсенділік (айталық, көпше түрде телефон хабарламалары) барлық жоспарларыңызды ұтымды орындау болып табылады. Өнімділік – таңдалған мақсат бойынша оның дұрыс орындалуы өнімді қорытынды беру қадамы. Тек белсенді болмай, мүмкіндігіңізге байланысты ұтымды істеуге тырысыңыз.

5. Сіз шаршағандықтан, өзіңіздің жұмыстарыңызға қатыссыз жиналысқа қатыстыңыз, жиналыста сізге өз қарсылығын білдірген болып, жиналыстан кейін қиналғандықтан уақытыңыз да және белсенділігіңіз де төмендеді: жағдайға байланысты уақытты жоғалтқаныңызды талдаңыз. Сіздің ұтымды ісіңіздің және уақытыңыздың төмендеуі қиналғандықтан болды деп есептеңіз. Бұндай уақытты жоғалтудан кейін болашақта бұндай жоғалтудан қашуды ойлаңыз.

6. Өзіңіздің бос уақытыңызға сөйкестендіріп, жұмысыңызды жоспарлаңыз. Сіз өзіңізді демалдыруға және клиенттерді қабылдауға уақытты ұтымды бөліңіз. Есікті жауып, телефонды өшіріп, өз мүмкіндігіңізге байланысты жұмыстарды орындаңыз.

7. Басқа адамдар сияқты өзіңіздің жұмысыңызды бір күн ішінде өнімді орындаңыз. Қиын жағдайда жұмысыңызды, уақытты үнемдей отырып жоспарлаңыз.

8. Өзіңіздің жұмыстарыңыздың аяқталмағанына сеніңіз. Кез келген жұмысты орындауға тырысу қажет. Сіз жұмыстың бір адамға мінсіз орындау керек еместігін түсініңіз. Егер сіз жұмыстың әрбір бөлшектеріне уақытты көп бөлсеңіз, екінші жұмысты орындауға аз уақыт жұмсайсыз. Жұмыс бағыттарыңызды есіңізде ұстаңыз.

9. Шешімі табылмайтын істен қашыңыз. Егер сіз «бос уақытыңыз» болса, өзіңізден қазір не

СТРЕСТІ ҚАЛАЙ ЖЕҢУГЕ БОЛАДЫ

Тоқтатыңыз!

Көптеген адамдар жоғарғы талапты өздеріне аударады. Аз уақыттың ішінде көптеген нәрсеге үлгерушілік – стрестің бірден-бір себебі. Егер адам әрқашан берілген уақытта көптеген жұмыстарды істеуге асықса, дәрігерлер мұндай жағдайды асығыстың ауруы деп есептейді. Эмоционалдық стресс – мұндай өмірдің бір бейнесін artpsy.kz сайтынан назарларыңызға ұсынып отырмыз.

Өмірдің ағымын жеңілдету үшін, адамдарға жеңіл әдістердің бірі:

•Бір уақытта бірнеше жұмысты емес, бір ғана жұмысты істеуге тырысыңыз (мысалы, тамақ ішіп отырғанда газет оқымаңыз, телефонмен сөйлесіп отырып, құжаттар қарамаңыз)

•Баяу сөйлеуге тырысыңыз
•Қоршаған адамдармен мейірімді болыңыз, күліңіз, қанша кешігіп және асығып бара жатсаңыз да,
•Егер сіз машина жүргізіп келе жатсаңыз, жылдам жүргізуге тырыспаңыз

•Кезек күткенде, сабырлы болуға үйреніңіз

•Іскерлік кездесуді жоспарлағанда, олардың арасында 15 минут үзіліс болсын, сіздің миыңыз және дененіз демалуды қажет етеді

•Сіздің күн режиміңізде демалатын уақытыңыз болу керек

•«Раушан иіскеуге» уақыт табыңыз, яғни өмірдің кішігірім қуанышына бөленіңіз.

Қазақстан Республикасы «Жер Кодексінің» 48-бабына сәйкес ОҚО, Созақ аудандық әкімдігі ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін жер учаскелерін жалға беру жөніндегі конкурс жариялайды. Конкурс арқылы жалға берілетін жер учаскелерінің тізімі.

Жер учаскесінің лот №	Жер учаскесінің қысқаша сипаттамасы	Көлемі, га	Жалға беру мерімі, жыл	1 га жердің жалға беру құны, теңге	Жер учаскесінің орналасқан жері	Ауыл әкімшіліктері	Шаруашылық орталығынан орташа қашықтығы, км	Ауыл орталығынан орташа қашықтығы, км.
1	Суармалы егістік жер көдімгі сұр топырақ	5	49 жыл	44,37	Сызған, Қайнар		22	72
2	Суармалы егістік жер көдімгі ашық сұр топырақ	10	49 жыл	44,37	Сызған, Қайнар		23	73
3	Суармалы жер көдімгі солтүстік нақты топырақ	15	49 жыл	44,37	Сызған, Қайнар		24	74
4	Суармалы жер көдімгі солтүстік қоңыр нақты топырақ	7,7	49 жыл	59,34	Созақ		16	86
5	Суармалы жер көдімгі солтүстік қоңыр нақты топырақ	6	49 жыл	44,37	Сызған, Қайнар		24	76
6	Суармалы жер көдімгі солтүстік қоңыр нақты топырақ	2,4	49 жыл	59,34	Созақ		17	87
7	Суармалы егістік жер көдімгі солтүстік ашық сұр топырақ	20	49 жыл	33,64	Сызған		11	71
8	Суармалы егістік жер көдімгі солтүстік ашық сұр топырақ	10	49 жыл	59,34	Жартытебе		16	86
9	Суармалы егістік жер көдімгі солтүстік ашық сұр топырақ	9,6	49 жыл	44,37	Сызған		12	72
10	Суармалы егістік жер көдімгі солтүстік ашық сұр топырақ	10	49 жыл	59,34	Созақ		14	84
11	Суармалы егістік жер көдімгі солтүстік ашық сұр топырақ	6,4	49 жыл	44,37	Сызған		14	74
12	Суармалы егістік жер көдімгі солтүстік ашық сұр топырақ	16,8	49 жыл	131,7	Шолақорған		11	11
13	Суармалы егістік жер көдімгі солтүстік ашық сұр топырақ	2,6	49 жыл	59,34	Созақ		18	88
14	Суармалы егістік жер көдімгі солтүстік ашық сұр топырақ	2,6	49 жыл	59,34	Сызған		19	79
15	Суармалы егістік жер көдімгі солтүстік ашық сұр топырақ	35	49 жыл	28,92	Созақ		14	74
16	Төпiмi егiстiк жер көдімгі солтүстік ашық сұр топырақ	71	49 жыл	23,18	Жартытебе		16	36
17	Суармалы егістік жер көдімгі солтүстік ашық сұр топырақ	3,599	49 жыл	47,47	Созақ		18	78
18	Суармалы егістік жер көдімгі солтүстік ашық сұр топырақ	16	49 жыл	25,8	Созақ		20	79
19	Суармалы егістік жер көдімгі солтүстік ашық сұр топырақ	10	49 жыл	25,8	Созақ		22	81
20	Суармалы егістік жер көдімгі солтүстік ашық сұр топырақ	10	49 жыл	59,34	Созақ		13	77
21	Суармалы егістік жер көдімгі солтүстік ашық сұр топырақ	15	49 жыл	63,21	Сызған		9	79
22	Суармалы егістік жер көдімгі солтүстік ашық сұр топырақ	5,6	49 жыл	131,7	Шолақорған		8	8
23	Суармалы егістік жер көдімгі солтүстік ашық сұр топырақ	5,6	49 жыл	131,7	Шолақорған		9	9
24	Суармалы егістік жер көдімгі солтүстік ашық сұр топырақ	5,6	49 жыл	131,7	Шолақорған		10	10
25	Төпiмi жер көдімгі солтүстік нақты топырақ	5,6	49 жыл	131,7	Шолақорған		10	10
26	Суармалы егістік жер көдімгі солтүстік ашық сұр топырақ	5,6	49 жыл	131,7	Шолақорған		10	10
27	Суармалы егістік жер көдімгі солтүстік ашық сұр топырақ	2	49 жыл	131,7	Жартытебе		5	26
28	Төпiмi егiстiк жер көдімгі солтүстік ашық сұр топырақ	94	49 жыл	16,73	Құмкент		17	67
29	Суармалы егістік жер көдімгі солтүстік ашық сұр топырақ	8	49 жыл	29,92	Сызған		18	68
30	Суармалы егістік жер көдімгі солтүстік ашық сұр топырақ	24,58	49 жыл	59,33	Созақ		12	72
31	Суармалы егістік жер көдімгі солтүстік ашық сұр топырақ	5,6	49 жыл	37,16	Сызған		16	66
32	Суармалы жер көдімгі солтүстік нақты топырақ	17,3	49 жыл	107,99	Шолақорған		12	12
33	Суармалы жер көдімгі солтүстік нақты топырақ	2,3	49 жыл	59,34	Созақ		16	86
34	Суармалы егістік жер көдімгі солтүстік ашық сұр топырақ	5	49 жыл	44,37	Сызған		13	73
35	Суармалы егістік жер көдімгі солтүстік ашық сұр топырақ	50	49 жыл	94,82	Шолақорған		19	19
36	Суармалы егістік жер көдімгі солтүстік ашық сұр топырақ	6,3	49 жыл	29,92	Созақ		18	18
37	Жайылымдық жер көдімгі солтүстік нақты топырақ	779	49 жыл	3,39	Созақ		18	78
38	Жайылымдық жер көдімгі солтүстік ашық сұр топырақ	1400	49 жыл	1	Қаратау		19	143
39	Жайылымдық жер көдімгі солтүстік ашық сұр топырақ	122	49 жыл	6,6	Жартытебе		13	33
40	Жайылымдық жер көдімгі солтүстік ашық сұр топырақ	50	49 жыл	6,6	Жартытебе		16	36
41	Жайылымдық жер көдімгі солтүстік нақты топырақ	500	49 жыл	1,16	Жуантебе		17	132
42	Жайылымдық жер көдімгі солтүстік нақты топырақ	500	49 жыл	4	Сызған		19	79
43	Жайылымдық жер көдімгі солтүстік нақты топырақ	145	49 жыл	4	Сызған		21	81
44	Жайылымдық жер көдімгі солтүстік ашық сұр топырақ	210	49 жыл	3,8	Сызған		17	77
45	Жайылымдық жер көдімгі солтүстік ашық сұр топырақ	350	49 жыл	3	Шолақорған		29	29
46	Жайылымдық жер көдімгі солтүстік ашық сұр топырақ	1000	49 жыл	3	Қаратау		29	148
47	Төпiмi жер көдімгі солтүстік нақты топырақ	68	49 жыл	13,86	Құмкент		14	49
48	Төпiмi жер көдімгі солтүстік нақты топырақ	87	49 жыл	13,86	Құмкент		16	61
49	Төпiмi егiстiк көдімгі солтүстік сұрылт	75	49 жыл	13,86	Құмкент		13	48
50	Төпiмi егiстiк көдімгі солтүстік сұрылт	85	49 жыл	13,86	Құмкент		13	48
51	Төпiмi егiстiк көдімгі солтүстік сұрылт	95	49 жыл	13,86	Құмкент		14	49
52	Төпiмi егiстiк көдімгі сұрылт	99	49 жыл	13,86	Құмкент		11	39
53	Суармалы егістік жер көдімгі солтүстік ашық сұр топырақ	3	49 жыл	44,37	Созақ		18	88
54	Суармалы егістік жер көдімгі солтүстік ашық сұр топырақ	10	49 жыл	131,70	Жартытебе		8	28
55	Суармалы егістік жер көдімгі солтүстік ашық сұр топырақ	1,8	49 жыл	44,37	Созақ		18	78

Конкурс 15 маусым 2018 жылы Шолақорған ауылы, Жібек жолы көшесі н/с үй, аудан әкімдігінің кіші залында сағат 17:00 де өтеді. Өтініш беру мерзімі 12 маусым 2018 жылға дейін. Конкурсдық комиссия конкурстың қорытындысын 2018 жылдың 18 маусым күні шығарады. Ауыл шаруашылығы жерлеріне ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу барысында жер пайдаланушылардың ҚР «Жер Кодексінің» 5 және 140 баптары талаптарын орындауы міндетті.

Конкурстық комиссия.



РАХИМА ПЛАЗА

сауда ойын-сауық орталығы

*Заманауи
үлгідегі базасы
арзан сауда
орталығы*

- Балалар үшін керемет демалыс орын
- Ерлер-әйелдер және балалар киімдері
- Дәріхана мен асхана
- бесікарбалар мен велосипедтер
- бөлме гүлдері мен картиналар
- алуан түрлі ыдыстар, астаулар



**Мекенжайы: Шымкент қаласы,
«Нұрсәт» м/а.**

Сауда - саттық туралы хабарлама

Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Тоқаев көшесі, 28 үйдің тұрғыны Кепіл ұстаушы Ағайдаров Галымжан Сейткасымовичтің сенімхатпен өкілі Юнусметова Дилназ Әргешбаевнаға, ЖСН: 730918402530 және Тайметов Шавкат Ергешовичке, ЖСН: 660408301181 тиесілі ОҚО, Шымкент қ, Қаратау ауданы, Сайрам тұрғын үй алабы, Тіллөхаджаев көшесі, №94 үйде орналасқан жеке меншік ортақ меншіктен тұратын Жер үй төрт тұрғын бөлмеден, дәлізден, кіре берістен, тұрғын алаңы – 76,5 ш.м., жалпы алаңы – 118,9 ш.м., қоймадан алаңы 73 ш.м., бөлінетін жер телімі, кадастрлық №19:309:241:391, жер телімі алаңы – 0,008 га, 04.11.2016 жылы №3453 тізілімде тіркеліп кепілге салынған мүлікті ашық сауда-саттыққа жариялайды. Көрсетілген кепілге қойылған жылжымайтын мүліктің бағасы 8 000 000 (сегіз миллион) теңге.

Кепілдік салым сомасы тағайындалған сауда-саттық басталғанына 5 күн қалғанға дейін қатысушы сауда-саттық ұйымдастырушының қолына қолма-қол ақшалай немесе банктік шотқа аудару арқылы лото құнынан 5 % немесе 403523 (Төрт жүз үш мың бес жүз жиырма үш) теңге құю керек. Ары қарай, сауда-саттық қатысушыға мәлімет, сатып алушы құнының төлеу реті көрсетілгендей жылжымайтын мүліктің түпкілікті бағасы анықталғаннан кейін, сауда-саттық жарияланған жеңімпаз 5 (бес) күн ішінде тіркелген бағаның және кепілдік салымның арасындағы айырмашылығын қолма-қол ақшалай немесе көрсетілген өкілдің шотына аударып құю керек.

Сауда-саттыққа қабілетті кәмелет жасына толған Қазақстан Республикасының азаматтары қатыса алады. Сауда-саттық 29 мамыр 2018 жылы сағат 10:00 мына мекенжайда: ОҚО, Шымкент қаласы, Б.Момышұлы көшесі, 18 (бұрынғы кафе «Росинка» ғимаратында) өтеді. Сауда-саттық ұйымдастырушы Несипкалиев Сабит Салимжанович, тұратын мекенжайы: Шымкент қаласы, Айбергенов көшесі, 6 үй, 7 пәтер ұялы телефоны:

Объявления о торгах

Доверенное лицо залогодержателя Агайдарова Галымжана Сейткасымовича, проживающего по адресу: Кызылординская область, Шиелинский район, ул. Токаева, 28 объявляет открытие внесудебные торги заложенного недвижимого имущества принадлежащего залогодателям Юнусметовой Дилназ Әргешбаевне, ИИН 730918402530 и Тайметову Шавкату Ергешовичу, ИИН 660408301181, находящегося по адресу: Южно-Казахстанская область, г. Шымкент, жилой массив Сайрам, ул. Тиллохаджаева, д. 94 на праве частной совместной собственности – жилого дома, состоящего из четырех жилых комнат, коридора, прихожей общей площадью 118,9 кв.м., жилой площадью 76,5 кв.м., кладовой общей площадью – 73 кв.м., расположенного на делимом земельном участке за кадастровым №19-309-241-391, земельной мерой 0,08 га в виду неисполнения условий Договора залога за реестровым номером 3453 от 04.11.2016 года. Стоимость указанного заложенного имущества составляет 8 000 000 (восемь миллионов) тенге. Сумма гарантийного взноса – 5% от стоимости лота или 403 523 (четырееста три тысячи, пятьдесят двадцать три) тенге должна быть внесена участникам не позднее, чем за пять календарных дней до даты назначенных торгов, как наличным, так и безналичным путем по реквизитам, указанным организатором торгов. Далее, для сведения участников торгов преудсмотрен следующий порядок уплаты покупной цены – после определения конечной цены заложенного имущества признанный Победитель торгов обязан в течении 5 (Пяти) календарных дней внести разницу между фиксированной ценой и суммой гарантийного взноса в наличной форме, либо путем перечисления денежных средств на счет указанный доверенным лицом.

К торгам допускаются дееспособные совершеннолетние граждане Республики Казахстан.

Торги состоятся 29 мая 2018 года в 10:00 по адресу: ЮКО, г. Шымкент, ул. Б.Момышұлы 18 (бывшее здание кафе «Росинка»). Организатор торгов Несипкалиев Сабит

Жарамсыз деп танылсын

*** Смаилова Айгуль Есенбековна атына ОҚО Сарыағаш ауданы, Қапланбек ауылы, Өділет көшесі, 30 үйге берілген кадастрлық №19296067146 мемлекеттік АКТ жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер Дуйсенова Гулбайра Есенбековна атына берілген 2001 жылы шыққан зауыт №1161927, Миника 1102 Ф маркалы кассалық аппараты, нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер Ким Юлия Владимировна атына берілген 2006 жылы шыққан, зауыт №10353, Элит мобил маркалы кассалық аппараты, нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер Нурманова П.О. атына берілген 2006 жылы шыққан зауыт №20328664, АМС 100 Ф маркалы кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Измахан Зәкерия Сержанұлы атына Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтынан берілген сынақ кітапшасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** «НұрБак-8» ЖШС атына берілген мөр жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Орал Нұркен Базарбайұлы атына Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтынан берілген студенттік билет жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Бекбосынова Таңшолпан Есімханқызы атына «Авиценна»

медициналық колледжінен «Фельдшерлік» мамандығы бойынша 2017 жылы берілген диплом жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Қайырбек Сандұғаш Орынбекқызы атына ОҚО, Сайрам ауданы, Қарабұлақ ауылы, М.Ахмаров көшесі, №13 үйге берілген сату-сатып алу келісім-шарты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Шерова Халия Елемесовна атына берілген «Күміс алқа» кітапшасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Заманбекова Гулбарчин Абдурасул-кизи атына берілген ҚР мекендеу қағазы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Асанова Луиза Шамильевна атына берілген ҚР мекендеу қағазы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Икрамова Шухрат Тухтамуратович атына берілген ҚР мекендеу қағазы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Сағынбеков Акмарал Елтаевна атына берілген «Күміс алқа» кітапшасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Есенгелді Бибісара Жандарқызы атына берілген Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтынан берілген студенттік билет жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Шанғұлова Балжан Қаршығақызы атына «Болашақ» колледжінен берілген студенттік билет жоғалуына байланыс-

Открылось наследство

*** Умер Тургунбаев Абдумуталиб. Дата смерти: 24.04.2018 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Сулеймен С.У. по адресу: г. Шымкент, мкр. Отрар, 59-26. Тел.: 8 778-402-83-83

*** Умер Махатаев Марат Курманалиевич. Дата смерти: 30.12.2017 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Карабаевой Р.К. по адресу: г. Шымкент, ул. Мадели кожа 1Г. тел.: 8 701-741-27-45

*** Умер Абдиханов Даурен Абдлесович. Дата смерти: 14.12.2017 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Мырзалиевой А.А. по адресу: г. Шымкент, Тамерлановское шоссе, 6/7, тел.: 8 775-829-96-69

*** Умер Мырзаханов Амангельды. Дата смерти: 08.01.2017 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Ургешбаевой Р.У. по адресу: г. Шымкент, ул. Желтоқсан, 12 «а». тел.: 8 702-253-49-23

*** Умер Абдрахмен Қалдан. Дата смерти: 23.08.2017 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Жолшыбеков Н.Е. по адресу: г. Шымкент, пр. Республики, дом 27. Тел.: 8 701-710-99-38

Хабарландыру

ОҚО, Төлеби ауданы, Аққұм а/о., Момынай ауылы тұрғындарының ауыл шаруашылық жерлерін өндірістік кооперативке біріктіру туралы 2018 жылдың 10 маусымында сағат 11:00-де «Момынай» орта мектебінің мәжіліс залында өтетін жиналысқа шақырамыз.

Күн тәртібінде: 1) Өндірістік кооператив мүшелерін түгендеу және қабылдау.

2) Өндірістік кооператив атауын бекіту.

3) Өндірістік кооперативтің басқарма мүшелерін сайлау.

4) ӨК басшысын сайлау.

5) ӨК заңды мекенжайын бекіту.

Ұйымдастыру тобы.

Ремонт телевизоров и спутниковых антенн

Тел.: 56-17-58, 8 702-243-45-54,
8 771-670-72-37

«Айғақ» Республикалық газетінің ұжымы «Айғақ» телеарнасының қызметкері Жансерік Боранбаевқа анасы

Әзиза НАУШАБАЕВАНЫ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.